

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 495 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 желтоқсанда № 4461 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 19 наурыздағы № 64 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 19.03.2020 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы темір жол көлігінің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 шілдедегі № 1114 қаулысымен бекітілген 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы темір жол көлігінің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімнің 9-5-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы Әділет" департаменті республикалық мемлекеттік мекемесінде осы қаулының тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысын мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық

құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылықты жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның филиалы – Солтүстік Қазақстан өңірлік құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының
әкімі*

Қ.Ақсақалов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 495
қаулысымен бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесі

**Ескерту. Әдістеме жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
02.11.2018 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы теміржол көлігі кәсіпорындарының мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 шілде № 1114 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы теміржол көлігі кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімнің 9-5-бабына сәйкес әзірленді.

2. Ресей Федерациясы аумағында орналасқан Қазақстан Республикасы темір жол учаскелері мен Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан Ресей Федерациясы темір жол учаскелері бойынша өтетін әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын субсидиялау көлемін айқындау Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 13 маусымдағы Заңымен ратификацияланған 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы теміржол көлігінің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға сәйкес бекітілетін теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемін айқындау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Әдістеменің есебін және қолданылуын ақындайтын негізгі қағидаттар мыналар болып табылады:

1) жолаушылар теміржол тасымалының стратегиялық және әлеуметтік маңыздылығы;

2) жолаушылар тасымалының тиімділігін арттыру, маршруттардың экономикалық орындылығы және жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кірістерді арттыру резервтерін анықтау;

3) поездардың қажетті құрамдылығын, жүру маршрутын және жүру учаскелері бойынша қажеттілігін анықтау;

4) тасымалдау процесінің қатысушыларына тең экономикалық жағдайларды қамтамасыз ету;

5) мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидия тасымалдаушының шығыстарын өтеу үшін ескеріледі.

4. Осы Әдістемені қолдану мақсатында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаудан кірістер - теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдаудан түскен ақшалай түсімдер;

2) вагонның жүріп өткен жолы - вагон-километрмен (километр мөлшерімен) өлшенетін көрсеткіш, вагондар санының жөнелтілу станциясынан межелі станцияға дейін және кері қарай тасымалдау қашықтығына көбейтіндісі ретінде есептеледі;

3) жолаушылар айналымы - жолаушылар тасымалдарының көлемін жолаушы-километрмен көрсететін көрсеткіш, жолаушылар санының тасымалдау қашықтығына көбейтіндісі ретінде есептеледі;

4) жол жүрудің орташа ұзақтығы - жолаушы-километрдің жөнелтілген жолаушылар санына қатынасымен анықталады;

5) кіріс мөлшерлемесі - өлшеуішке жатқызылған кірістердің оның көлеміне қатынасы, оның жұмыс бірлігі үшін жолаушы-километр қабылданады;

6) кезең шығыстары - тұрақты шығыстар ретінде анықталған және сатылған өнімнің немесе көрсетілетін қызметтердің нақты түрлерімен байланысты емес шығыстар, соның ішінде үстеме шығыстар;

7) көрсетілетін қызметтің өзіндік құны - жолаушыларды тасымалдау бойынша реттелетін қызметті жүзеге асыратын тасымалдаушы шығындарының ақшалай түрде;

8) көрсетілетін қызметтерге кететін тікелей шығындар - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша құн салығын есептемегенде, белгілі бір қызметпен тікелей себеп-салдарлық байланысы бар шығындар;

9) өзге де қызметтер - тасымалдаушының жолаушыларды теміржол көлігімен тасымалдауға байланысты емес өзге де қызметтерді көрсетуі;

10) өлшеуіш - тасымалдау процесінің кез келген сандық сипаттамасы, олардың белгілері өлшегіштің атауы, өлшеу бірлігі және маңызы болып табылады;

11) өндірістік факторлар - жолаушыларды тасымалдаудың технологиялық ерекшеліктерін ескеретін факторлар (жылжымалы бірліктің түрі, жылдамдығы);

12) тасымалдаушының шығындары - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған салық міндеттемелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының теміржол көлігінің негізгі қызметі бойынша шығыстар номенклатурасында ескерілген тасымалдаушының жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыру шығыстары;

13) үстеме шығыстар - бұл өзіндік құнға (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) қосылатын өнімдердің (қызметтің) бірнеше түрлерін өндірумен байланысты жанама шығыстар;

14) ұйымның шығыстары - активтердің шығуы немесе капиталдың азаюына әкеп соғатын міндеттемелердің пайда болуы нәтижесінде экономикалық тиімділіктің азаюы;

15) шығыс өлшеуіштері - тасымалдау процесіндегі жұмысты мөлшерлік бағалауға арналған ірілендірілген өлшем бірліктері;

16) шығындар бабы (шығындар бағыты) - нәтиже, оған қол жеткізуге жұмсалған шығыстар тікелей бағытталады;

17) шығыстар номенклатурасы - Қазақстан Республикасы темір жолдарының негізгі қызметі бойынша шығыстар номенклатурасы;

18) шығыс мөлшерлемесі - шығыс өлшегішке жатқызылған шығындардың жолаушы-километрмен өлшенетін оның көлеміне қатынасы.

5. Әдістеме экономикалық орындылығы қағидаттарын және ауданаралық (қалааралық, облысшілік) және қала маңы қатынастарында тасымалдарды жүзеге

асыру кезінде туындайтын шығыстарды өтеуге арналған теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдауды субсидиялау көлемдерін есептеу тәртібін белгілейді:

- 1) жолаушылар поезының пайдалану көрсеткіштерінің көлемін есептеу;
- 2) өлшеуішке кіріс мөлшерлемесін есептеу;
- 3) өлшеуішке шығыс мөлшерлемесін есептеу;
- 4) бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын шығыс көлемін айқындау.

6. Әдістеме:

1) Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі конкурсқа қойылған әрбір әлеуметтік маңызы бар қатынас бойынша субсидиялардың қажетті көлемін айқындау үшін қолданылады;

2) Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау жөніндегі бағдарламалар шеңберінде бюджеттік өтінімдерді ұсынған кезде есептердің негіздемесін ұсыну үшін қолданылады;

3) қызмет деректері бойынша шығындар элементтері бойынша шығыстар көлемін айқындау үшін негіздеме болып табылмайды;

4) тасымалдаушының қызмет деректері немесе жұмыс көлемі бойынша бөлінген субсидияларды ұлғайту (төмендету) бойынша есептеулер үшін негіздеме болып табылмайды.

2. Есептердің негіздемелері

7. Жолаушыларды тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтер тасымалдаушылар орындайтын мынадай бір топ операциялардан құралады:

1) жолаушыларға қызмет көрсету бойынша (жолаушыларға қызмет көрсетумен айналысатын персоналды ұстау, анықтамалық-ақпараттық қызметтер құны);

2) жолаушылар үшін вокзалдар қызметін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер: тасымалдау қызметтерімен байланысты өндірістік ғимараттарға, құрылыстарға және жолаушылар шаруашылығы жабдығына қызмет көрсету бойынша;

3) жолаушылар шаруашылығының өндірістік негізгі құралдарының амортизациясы (тозуы);

4) жолаушылар шаруашылығының өндірістік негізгі құралдарын күрделі жөндеу;

5) жолаушылар шаруашылығының өндірістік ғимараттарын, құрылыстарын, жабдықтарын және мүкәммалын ағымдағы жөндеу;

- 6) жолаушылар поездарында вагондарға қызмет көрсету бойынша;
- 7) жолаушылар поездарында вагондарға қызмет көрсету бойынша: басқалары (жолсеріктердің жалақысы, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар);
- 8) жолаушылар вагонын сумен және отынмен жабдықтау бойынша;
- 9) биоәжетханаларды ассенизаторлық тазарту бойынша;
- 10) жолаушыларды тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге тікелей іске қосылған активтердің амортизациялық аударымдары;
- 11) тәуелсіз мемлекеттер достастығының мемлекеттер-қатысушыларының 2009 жылғы 21-22 мамырдағы Теміржол көлігі кеңесінің № 50 хаттамалық шешімімен бекітілген Қолданыстағы вагондарды техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында (бұдан әрі – Қолданыстағы вагондарды техникалық қызмет көрсету нұсқаулығы) белгіленген көлемдерде жеке жылжымалы құрамды деполық және күрделі жөндеу бойынша;
- 12) пайдаланудағы вагондарға техникалық қызмет көрсету нұсқаулығымен белгіленген көлемдерде жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету және ағытпа жөндеулер бойынша;
- 13) жұмсақ жиналмалы мүкәммалды жуу және жөндеу бойынша;
- 14) жолаушылар вагондары үшін мүкәммал мен жабдықтарды сатып алу және күтіп-ұстау бойынша;
- 15) вагондарды жұмсақ және басқа да мүкәммалмен жабдықтау бойынша;
- 16) жалпы жол шығыстары (Қазақстан Республикасы аумағы шегінде магистралдық теміржол желісі қызметтері және локомотивті тартым, жалға алынған вагондар үшін жалдау ақысы);
- 17) электр секциялар мен дизельді поездар жұмысы бойынша;
- 18) электр секциялар мен дизельді поездарды рейске дайындау және алып жүру бойынша;
- 19) электр секциялар мен дизельді поездардың амортизациясы (тозуы);
- 20) пайдаланудағы вагондарға техникалық қызмет көрсету нұсқаулығымен белгіленген көлемдерде электр секцияларды және дизельді поездарды күрделі жөндеу бойынша;
- 21) пайдаланудағы вагондарға техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында белгіленген көлемдерде бағдарламалар бойынша электр секциялар мен дизельді поездарға техникалық қызмет көрсету бойынша.

3. Пайдалану көрсеткіштерінің көлемін айқындау

8. Жолаушылар тасымалын жүзеге асыру жөніндегі қызметтер көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталады: тасымалданған жолаушылар саны,

жолаушылар айналымы, магистральдық теміржолдар бойынша вагондардың жүріп өткен жолы.

Вагонның жүріп өткен жолын есептеу мынадай құрамдастардан жүргізіледі:

1) жолаушылар поезының барлық жүру жолындағы және Қазақстан Республикасының шекарасындағы қатынау маршрутының қашықтығы (поездар қозғалысының кестесі бойынша айқындалады);

2) қатынау кезеңділігі – "Шығыстары облыстық бюджет есебінен субсидиялауға жататын Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 496 қаулысымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4453 болып тіркелді) Шығыстары облыстық бюджет есебінен субсидиялауға жататын Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша конкурс өткізу қағидаларына сәйкес конкурстық құжаттамамен айқындалады.

3) жолаушылар (халық) тасымалын талдау негізінде айқындалатын құрамдағы вагондар саны;

Вагондардың жүріп өткен жолын есептеу вагондардың түрлері бойынша бөлінеді.

9. Жолаушылар поезы вагондарының жүріп өткен жолының болжамды көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$V_{\text{ваг-км.}} = 2S * N_{\text{ваг.}} * N_{\text{рейс}}$$

мұндағы:

$V_{\text{ваг-км.}}$ - жолаушылар поезы вагондарының жүріп өткен жолының болжамды көлемі;

$2S$ - тура және кері қашықтық, километр;

$N_{\text{ваг}}$ - құрамдағы вагондар саны, вагон.;

$N_{\text{рейс}}$ - жоспарлы кезеңдегі поездың қатынау кезеңділігі.

Болжамды жолаушылар айналымын есептеу вагондардың жүріп өткен жолының сомасын теміржол көлігінің даму бағдарламасы бойынша жоспарлы өсуін есепке ала отырып, алдыңғы жыл бойынша орташа жолаушылар санына көбейтумен айқындалады:

$$V_{\text{жол/км}} = V_{\text{ваг.км}} * p$$

мұндағы:

$V_{\text{жолаушы/км}}$ - болжамды жолаушылар айналымы;

p - алдыңғы жыл бойынша орташа жолаушылар саны.

Жолаушылар айналымы вагондар түрі бойынша жоспарланады.

Жоспарланатын кезеңге орташа жолаушылар саны мынаны ескере отырып есептеледі:

1) егер де өткен кезеңнің талдауы бойынша барлық жүру жолында орташа жолаушылар саны жолаушылар поезы вагонының 50% толуынан асатын болса, жоспарланатын жолаушылар айналымын айқындау үшін вагонның толуы өткен кезең бойынша нақты орташа жолаушыларды негізге ала отырып, бірақ темір жол көлігін дамыту бағдарламаларына сәйкес жолаушылар тасымалының жоспарланатын өсуін ескере отырып, кемінде 60% белгіленеді;

2) егер де өткен кезеңнің талдауы бойынша барлық жүру жолында жолаушылар поезы вагонының 50% толуынан орташа жолаушылар саны аспайтын болса, жоспарланатын жолаушылар айналымын айқындау үшін вагонның толуы өткен кезең бойынша нақты орташа жолаушыларды негізге ала отырып, бірақ теміржол көлігін дамыту бағдарламаларына сәйкес жолаушылар тасымалының жоспарланатын өсуін ескере отырып, кемінде 20% белгіленеді;

3) егер де өткен кезеңнің талдауы бойынша барлық жүру жолында электрди젤 поезының вагон 35% толуынан орташа жолаушылар саны аспайтын болса, жоспарланатын жолаушылар айналымын айқындау үшін вагонның толуы өткен кезең бойынша нақты орташа жолаушыларды негізге ала отырып, бірақ теміржол көлігін дамыту бағдарламаларына сәйкес жолаушылар тасымалының жоспарланатын өсуін ескере отырып, кемінде 10% белгіленеді.

Жоспарланатын жолаушылар айналымын және "тасымалданған жолаушылар" көрсеткішін есептеу кезінде пайдаланылатын өткен кезең бойынша нақты деректердің көзі (елдің жиілігі, жолаушылар айналымы, орташа қашықтығы) Ұлттық инфрақұрылым операторы құжатының деректері болып табылады.

"Тасымалданған жолаушылар" көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$V_{\text{тасым.}} = V_{\text{жол/км}} / \text{Сорт.қаш.}$$

мұндағы:

$V_{\text{тасым.}}$ - тасымалданған жолаушылар саны;

$V_{\text{жол/км}}$ - болжамды жолаушылар айналымы;

Сорт.қаш. - алдыңғы жыл бойынша жолаушының жол жүруінің орташа қашықтығы.

4. Тасымалдаушының кірістерін қалыптастыру

10. Тасымалдаушының кірісі жолаушыларды тасымалдаудан алдағы кезеңдегі ақшалай түсімдер сомасынан вагонның, поездың тиісті түрі бойынша поездда жолаушылар тасымалдаудан түскен кірістер сомасының 1% құрайтын өзге

қызметтерден түсетін қосымша кірістерден құралады және мынадай формула бойынша айқындалады.

$$D_{\text{жол жүру}} = D_{\text{жүру}} + D_{\text{қос. кіріс}}$$

мұндағы:

$D_{\text{жол жүру}}$ = жолаушыларды тасымалдау кірістері;

$D_{\text{жүру}}$ = тиісті вагонның, поездың түрі бойынша поезда жолаушылар тасымалдаудан түскен кірістер;

$D_{\text{қос.кіріс.}}$ = жоспарлы кезеңге вагонның, поездың тиісті түрі бойынша поезда жолаушылар тасымалдаудан түскен кірістер сомасының 1% құрайтын басқа да қызметтерден түсетін қосымша кірістер;

Кіріс түсімдерінің қалыптасуы вагондардың түрлеріне, поездың санатына, қатынастың түріне, жол жүру қашықтығына, тасымалданған жолаушылар мен жолаушылар айналымының мөлшеріне байланысты.

Жолаушылар және жүрдек поездарында жолаушыларды тасымалдаудан түскен кіріс (жол жүру құны) билет және плацкарт бөлігінен тұрады.

Жолаушыларды белгілі бір маршрут және вагондардың түрлері бойынша тасымалдаудан түскен кірісті есептеу мына формула бойынша айқындалады:

$$D_{\text{жол жүру}} = [(D_{i-1} \text{ жол жүру} / k_{\text{ққс}}) / V W_{i-1} \text{ жол/км}] * V Q_{i \text{ жол/км}}$$

мұндағы:

$D_{\text{жол жүру}}$ - вагонның, поездың тиісті түріндегі поезд бойынша жолаушыларды тасымалдаудан түскен кірістер сомасы;

D_{i-1} жол жүру - алдыңғы кезең үшін "Экспресс-3" автоматтандырылған басқару жүйесінің деректері бойынша поездың, вагонның тиісті түрінің барлық жүру жолында плацкарт бойынша және Қазақстан Республикасының шекарасында билеттер бойынша кіріс түсімдерінің сомасы;

$V W_{i-1}$ жол/км - алдыңғы кезең үшін поездың, вагонның тиісті түрінің Қазақстан Республикасының шекарасындағы жолаушылар айналымының сомасы ;

$V Q_{i \text{ жол/км}}$ - жоспарланған кезеңдегі поездың, вагонның тиісті түрінің Қазақстан Республикасы шекарасындағы жолаушылар айналымының сомасы;

$k_{\text{ққс}}$ - "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Салық Кодексінің 34-бабына сәйкес қосымша құнға салық коэффициенті (бұдан әрі - ҚҚС) (халықаралық қатынаста қосылған құнға салық коэффициенті алдыңғы кезең фактісі бойынша сараптамалық бағалау арқылы айқындалады).

Жаңа поезд тағайындалған кезде жолаушылар тасымалының жоспарлы көлемін және жолаушылар айналымын айқындау үшін:

"тасымалдаудың орташа қашықтығы" көрсеткіші тасымалдау жолы ұзақтығының жартысы ретінде айқындалады;

"жолаушылар саны" көрсеткіші жоспарланатын құрамдылығына сәйкес ұсынылатын орындар санынан 50% толуы ретінде айқындалады.

Жаңа поезд тағайындалған кезде жолаушыларды тасымалдаудан түсетін кірістерді есептеу жолаушының жол жүруінің орташа қашықтығы арқылы айқындалады:

$$Д_{\text{жол жүру}} = [(P_{\text{жол жүру}} / k_{\text{кк}}) * V_{\text{жүру}} / V_{\text{Wiжол/км}}] * V_{\text{Qiжол/км}}$$
мұндағы:

$D_{\text{жол жүру}}$ - поездың, вагонның тиісті түріндегі поезд бойынша жолаушыларды тасымалдаудан түскен кірістер сомасы;

$P_{\text{жол жүру}}$ - вагонның тиісті түрінде жолаушыларды тасымалдаудың орташа қашықтығына байланысты белгіленген Қазақстан Республикасының шекарасындағы билет бойынша жүрудің орташа құны;

$k_{\text{кк}}$ - "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Салық Кодексінің 34-бабына сәйкес қосымша құнға салық коэффициенті (бұдан әрі - ҚҚС) (халықаралық қатынаста қосылған құнға салық коэффициенті алдыңғы кезең фактісі бойынша сараптамалық бағалау арқылы айқындалады);

$V_{\text{жүру}}$ - жоспарланған кезеңге поездың, вагонның тиісті түрінде Қазақстан Республикасының шекарасында тасымалданған жолаушылардың саны;

$V_{\text{Wiжол/км}}$ - алдыңғы кезеңдегі поездың, вагонның тиісті түрінде Қазақстан Республикасының шекарасында тасымалданған жолаушылар айналымы сомасы;

$V_{\text{Qiжол/км}}$ - жоспарланған кезеңге поездың, вагонның тиісті түрінің Қазақстан Республикасы шекарасындағы жолаушылар айналымы сомасы.

Қосымша құнға салық бойынша дебеттік сальдо кіріс болып танылады.

5. Тасымалдаушының шығыстарын қалыптастыру

11. Шығыстарды қалыптастыру тәртібі өндірістік-технологиялық факторларды ескере отырып, жолаушы поезының әрбір маршрутына жүргізіледі:

$R_{\text{тасымалдаушы}} = R_{\text{мтж}} + R_{\text{лок}} + R_{\text{вагонды жалға алу}} + R_{\text{жолау.тас.}}$

мұндағы:

$R_{\text{тасымалдаушы}}$ - толық өзіндік құнына енгізілген тасымалдаушының шығысы;

$R_{\text{мтж}}$ - магистральдық теміржол желісін немесе теміржол көлігі инфрақұрылымын пайдалану қызметі үшін шығыстар;

$R_{\text{лок}}$ - локомотивпен тартуды ұсыну қызметі үшін шығыстар, электр секциялары бойынша — электр секцияларын басқару және пайдалану қызметтеріне арналған шығыстар;

$R_{\text{вагонды жалға алу}}$ - вагондарды жалға алуды ұсыну қызметі үшін шығыстар;

Ржол.тас.- кезең шығыстарды қоса алғандағы жолаушыларды тасымалдаумен байланысты тасымалдаушының шығыстары.

12. Тасымалдаушының шығыстарын есептеу мынадай бөлімдерден тұрады:

вагондардың түрлері бойынша жолаушы поезының нақты әрбір маршруты бойынша тасымалдаушының тікелей өндірістік шығындарын айқындау;

вагон айналымынан үлес салмағы бойынша үстеме шығыстар және маршруттар бойынша кезең шығыстарын есептеу және бөлу. Магистральдық темір жол желісі қызметіне (бұдан әрі – МТЖ) шығыстарды есептеу мына формуламен айқындалады:

1) төмендететін коэффициентсіз:

$$R_{\text{МТЖ}} = V_{\text{ваг-км}} * R_{\text{МТЖ}}$$

2) төмендететін коэффициентпен:

$$R_{\text{МТЖ}} = V_{\text{ваг-км}} * R_{\text{МТЖ}} * k_{\text{МТЖ}}$$

мұндағы:

$R_{\text{МТЖ}}$ - МТЖ пайдалану қызметі үшін шығыстар;

$V_{\text{ваг-км}}$ - жоспарланған кезеңге вагон-километр (ваг-км) көлемі;

$R_{\text{МТЖ}}$ - МТЖ пайдалану қызметі үшін тариф, теңге;

$k_{\text{МТЖ}}$ - уақытша төмендететін коэффициент (бұдан әрі - УТК).

Локомотивпен тартуды ұсыну қызметі үшін шығыстарды есептеу мынадай формулалар бойынша 2 кезеңмен айқындалады:

1-кезең: Поезд бойынша қызметтің құны

$$R_{\text{лок}} = (V_{\text{теп.лок.сағ}} * R_{\text{теп.лок.сағ}}) + (V_{\text{элек.лок.сағ}} * R_{\text{элек.лок.сағ}})$$

мұндағы:

$R_{\text{лок}}$ - поезд бойынша локомотивпен тартуды ұсыну қызметі үшін шығыстар;

$V_{\text{теп.лок.сағ}}$ - тепловозбен тарту жоспарланған локомотив-сағаттың саны;

$R_{\text{теп.лок.сағ}}$ - тепловозбен тарту қызметі үшін тариф, теңге;

$V_{\text{элек.лок.сағ}}$ - электровозбен тарту жоспарланған локомотив-сағаттың саны;

$R_{\text{элек.лок.сағ}}$ - электровозбен тарту қызметі үшін тариф, теңге.

2-кезең: Вагон типтері бойынша қызметтің құны

$$R_{\text{ваг.лок.}} = R_{\text{лок}} / VQ_{\text{поезд}} \text{ вагон-км.} * VQ_{\text{ваг.ваг-км.}}$$

мұндағы:

$R_{\text{лок.ваг.}}$ - поезд құрамында қатынайтын і-типі немесе вагондар тобы бойынша қызмет құны, теңге

$R_{\text{лок}}$ - поезд бойынша қызмет құны, теңге

$VQ_{\text{поезд ваг-км.}}$ - Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жоспарланған кезеңге поездың жүріп өткен жолы, вагон/километр.

$VQ_{\text{ваг.ваг-км.}}$ - Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жоспарланған кезеңге поезд құрамында қатынайтын тиісті вагонның жүріп өткен жолы, вагон/километр.

Вагондарды жалға беру қызметіне шығыстар есебі:

Поездарды қалыптастыру үшін жылжымалы құрам паркі есебі (резервте барды есепке ала отырып) мынадай формулалармен қажетті вагон түрі бойынша айқындалады:

Жолаушылар вагондарына:

$$R_{\text{ваг. жалға алу}} = (N_{\text{ваг.}} * N_{\text{құрам.}} * k_{\text{резерв}} * N_{\text{жалға алу күндері}} * k_{\text{паркі}} * R_{\text{ваг. жалға алу.}}) / V W_{\text{ваг-км}} * V Q_{\text{ваг-км}}$$

Электрсекциялар және дизельді поездар вагондары:

$$R_{\text{ваг. жалға алу}} = [(N_{\text{ваг.}} + k_{\text{резерв.}}) * N_{\text{құрам.}} * N_{\text{жалға алу күндері}} * k_{\text{паркі}} * R_{\text{ваг. жалға алу}}] / V W_{\text{ваг-км}} * V Q_{\text{ваг-км}};$$

мұндағы:

$R_{\text{ваг. жалға алу}}$ - жолаушылар вагондарын, дизельді поездар мен электр секцияларын жалға беру қызметіне шығыстар;

$N_{\text{ваг.}}$ - құрамдағы вагондар саны;

$N_{\text{құрам.}}$ - құрамдағы қажетті саны;

$k_{\text{резерв.}}$ - вагондардың міндетті резервті коэффициенті: жолаушылар вагондары бойынша 1,07 тең (айналымдағы барлық вагондар санынан 7%); электр секциясы және дизельді поездар бойынша 3 вагонға тең (бас, моторлы және тіркелмелі);

$N_{\text{жалға алынған күндер.}}$ - жоспарланған кезеңге жалға алынған күндер саны;

$k_{\text{паркі.}}$ - жалға алынған жолаушылар жылжымалы құрамын пайдалану коэффициенті 0,7 мөлшерінде;

$V Q_{\text{ваг-км}}$ - Қазақстан Республикасы аумағы бойынша жоспарланған кезеңге поезд құрамында қатынайтын тиісті вагонның жүріп өткен жолы, вагон/километр ;

$V W_{\text{ваг-км}}$ - бүкіл жол бойында жоспарланған кезеңге поезд құрамында қатынайтын тиісті вагонның жүріп өткен жолы;

$R_{\text{ваг. жалға алу}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын тиісті үлгідегі бір вагонды жалға алу тарифі, ваг.тәулік үшін теңге .

$$N_{\text{құрам}} = Z_n * V_{\text{құрам}}$$

мұндағы:

$N_{\text{құрам}}$ - қажетті құрам саны;

Z_n - тәулік ішінде жөнелтілетін поездар саны;

$V_{\text{құрам}}$ - жолаушылар құрамының айналымы, тәулігіне.

$V_{\text{құрам}}$ - жолаушылар құрамы айналымының уақыты және поездарды жөнелту жиілігінің Z_n коэффициенті бойынша нақты бағытқа қызмет көрсету үшін $N_{\text{құрам}}$ құрамының қажетті санын айқындауға болады:

Поездардың күнделікті рейске жөнелтілуі кезінде $Z_n = 1$ коэффициенті қолданылады, поездардың күн ара жөнелтілуі кезінде $Z_n = 0,5$, және тағы сол сияқты.

Жолаушылар құрамының айналымы – бұл $V_{\text{құрам}}$, құрамның құрылған пунктінен рейске жөнелтілген сәттен бастап құрылған пунктіне қайтып оралғанға дейін толық тәулікпен есептеледі.

$$V_{\text{құрам}} = \frac{1}{24} \left(t_1 + \frac{l}{v_{m1}} + \frac{l}{v_{m2}} + t_2 \right)$$

мұндағы:

t_1, t_2 - құрамның құрылған пунктінде және айналым пунктінде тиісінше тұру уақыты, сағат;

l -құрылу пунктінен айналым пунктіне дейінгі қашықтық, километр;

v_{m1}, v_{m2} - поездың тиісті құрылу пунктінен айналым пунктіне дейінгі және кері жүруінің маршруттық жылдамдығы, километр/сағат.

Кезең шығыстарын қоса алғандағы жолаушыларды тасымалдаумен байланысты тасымалдаушы шығыстарының есебі.

$R_{\text{жолауш.тасымал.}} = (R_{W\text{тікелей}} + R_{W\text{үстеме}} + R_{W\text{кезең шығыстары}}) * V_{Q\text{іваг-км}} + R_{Q\text{тікелей}} V_{W\text{іваг-км}}$

мұндағы:

$R_{\text{жолауш.тасымал.}}$ - Қазақстан Республикасының шекарасындағы кезең шығыстарын қоса алғандағы жолаушыларды тасымалдауға байланысты тасымалдаушының шығыстары.

$R_{W\text{тікелей}}$ - тасымалдаушының бүкіл жол бойында жұмсайтын өнім (поезд, вагон типі) бірлігі үшін шығыстарды қоса алғандағы өндірістің негізгі тікелей шығыстары:

жолаушылар поездарында вагондарға қызмет көрсету: жолсеріктердің, поезд, локомотив бригадалары бастықтарының (электр секция және дизельдік поездар бойынша) жалақысы, әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар;

жеке жылжымалы құрамды күрделі және деполық жөндеу;

техникалық қызмет көрсету (1, 2, 3, және тағы сол сияқты көлемінде);

биоәжетханаларды ассенизаторлық тазалау;

жолаушыларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тікелей тартылған активтердің (вагондардың амортизациясы) амортизациялық аударымдары;

жұмсақ жиналмалы мүкәммалды жуу және жөндеу бойынша;

жолаушылар вагондарын дезинфекциялау, дезинсекциялау дератизациялау;

жолаушылар вагондары үшін мүкәммал мен жабдықтарды сатып алу және күтіп-ұстау;

өрт қауіпсіздігі (өрт сөндіргішті қуаттандыру);

вагондардың басқа поезддарда жүруі;

нысанды киімді сатып алу;

медициналық қызметтер;

жолаушыларды, жұмысшыларды (жолсеріктерді) сақтандыру;

электр секциялар мен дизельді поезддардың жұмысы;

электр секциялар мен дизельді поезддарды рейске даярлау және сүйемелдеу;

RQтікелей - тасымалдаушының Қазақстан Республикасының шекарасында ғана жұмсайтын өнім (поезд, вагон типі) бірлігі үшін шығыстарды қоса алғандағы өндірістің негізгі тікелей шығыстары:

жолаушыларға қызмет көрсету (анықтамалық-ақпараттық қызмет құны);

тасымалдаумен байланысты өндірістік ғимараттарға, құрылыстарға және жолаушылар шаруашылығындағы жабдықтарға қызмет көрсету: жалпы қолданыстағы вокзал ғимараттарына кіру бойынша қызметтер;

жолаушылар вагондарын сумен және отынмен жабдықтау;

RWүстеме-персоналға қызмет көрсетумен байланысты үстеме шығыстар.

RWкезең шығыстары-кезең шығыстары: салықтарды есепке алғандағы өндірістік сипаттағы әкімшілік және жалпы шаруашылық шығыстар.

6. Өндірістің негізгі тікелей шығыстарының есебі

13. Бүкіл жол бойында тасымалдаушы жұмсайтын өндірістің негізгі тікелей шығыстары мынадай формула бойынша айқындалады:

$RW_{\text{тікелей}} = R_{\text{ж.а.}} + R_{\text{әлеу.ауд.}} + R_{\text{жөнд.}} + R_{\text{тқ}} + R_{\text{биоәжет}} + R_{\text{вагон тозуы}} + R_{\text{си/сангиг}} + R_{\text{кір жуу/хим.тазалау}} + R_{\text{дезинфекция/дезинсекция/дератизация}} + R_{\text{өрт сөнд. заряды}} + R_{\text{жүріс}} + R_{\text{шар.жүріс}} + R_{\text{формалы киім}} + R_{\text{рейс алды.қарау/проф.қарау}} + R_{\text{сақтан.}} + R_{\text{элэнергия}} + R_{\text{дизотын.поезд}}$

мұндағы:

RWтікелей- тасымалдаушының бүкіл жол бойында жұмсайтын шығыстарды қоса алғандағы өндірістің негізгі тікелей шығыстары;

Rж.а- еңбекті төлеу қоры;

Rәлеу.ауд.- әлеуметтік аударымдар;

Rжөнд.- жоспарлы кезеңдегі күрделі/депольшық жөндеу шығыстары;

Rтқ- жолаушылар вагондарына, электр секцияларға және дизельді поезддарға техникалық қызмет көрсету шығыстары;

Rбиоәжет- биоәжетханаларды ассенизаторлық тазалау шығыстары;

Rвагон тозуы- вагондарды амортизациялау шығыстары;

Рси/сангиг- вагондарды (поездарды) жабдықтау үшін алмалы-салмалы мүліктер, санитарлық гигиена және санитарлық тазалау құралдарын сатып алу шығыстары;

Ркір жуу/хим.тазалау- жұмсақ жиналмалы мүкәммалды жуу және жөндеу бойынша шығындары;

Рдезинфекция/дезинсекция/дератизация- жолаушылар вагондарын, электр секциялар мен дизельді поездарды дезинфекциялау, дезинсекциялау және дератизациялау шығындары;

Рөрт сөнд. заряды- жоспарлы кезеңдегі вагондағы өрт сөндіргіштерді зарядтау шығыстары;

Ржүріс- бөтен поездар құрамында вагонның жүріп өткен жолының шығыстары;

Ршар.жүріс- электр секциялар мен дизельді поездардың шаруашылық қажеттіліктеріне байланысты жүру шығыстары (жөндеуге жіберу);

Рформалы киім- жолсеріктерді, поезд басшыларын, локомотив бригадаларын (электр секциялар мен дизельді поездар үшін) нысанды киіммен қамтамасыз ету шығыстары;

Ррейс алды.қарау/проф.қарау- рейс алдында және профилактикалық медициналық байқау шығыстары;

Рсақтан.- жұмыс берушінің жұмыскерлер алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шығыстары;

Рдизотын поезд- поезд жұмысына қажетті дизель отыны шығыстары;

Жалақы шығыстары (электр секциялар мен дизельді поездар бойынша) жолсеріктердің, поезд, локомотив бригадалары бастықтарының жалақысынан тұрады.

14. Өндірістік персоналдың нормативтік санын айқындау мынадай базалық көрсеткіштерден тұрады: поездардың қозғалыс кестесінде (кесте) көзделген вагон және рейс саны (тоқсан бойынша), Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік және қатынас жолдар комитеті төрағасының 2014 жылғы 5 наурыздағы № 11 бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігі жүйесінің жолаушылар және қала маңы поездары вагондарына қызмет көрсетуге кететін уақыт нормалары мен жұмыскерлер санына сәйкес жолсеріктердің вагондарға қызмет көрсету нормасы (жыл мезгілінің кезеңі) және рейске бір жолсеріктің жұмыс уақыты (қыс, жаз), "Поездар қозғалысымен тікелей байланысты темір жол көлігі қызметкерінің жұмыс уақыты мен демалыс уақытын есепке алуының ерекшеліктерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 74 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6859 болып тіркелді) бекітілген Поездар қозғалысымен тікелей

байланысты темір жол көлігі қызметкерінің жұмыс уақыты мен демалыс уақытын есепке алуының ерекшеліктеріне сәйкес бір жолсеріктің жұмыс уақытының нормасы (тоқсан бойынша), жолсеріктердің технологиялық (қатысатындар) саны (тоқсан бойынша), жолсеріктердің орташа жылдық саны, поезд бастықтарының орташа жылдық саны, поезд бригадаларының саны, локомотивтік бригадалардың саны (электр секциялары мен дизельдік поездар бойынша).

Тоқсан бойынша жолсеріктердің технологиялық (қатысатын) саны мынадай формула бойынша есептеледі:

Бірінші тоқсанда:

$1\text{тоқсан } N_{\text{жолсерік}} = (N_{\text{ваг.1кв}} * n_{\text{қыс жолсерік}} * N_{\text{рейс 1тоқсан}} * t_{\text{жолсерік қыс}}) / n_{\text{тжолсерік 1тоқсан}}$

мұндағы:

1тоқсан $N_{\text{жолсерік}}$.- бірінші тоқсан бойынша жолсеріктердің технологиялық (қатысатын) саны;

$N_{\text{ваг 1тоқсан}}$, - бірінші тоқсанда құрамдағы вагондар саны;

$n_{\text{қыс.жолсерік}}$ - рейсаралық күзет уақытын ескерумен қыс уақытында жолсеріктердің вагондарға қызмет көрсету нормасы;

$N_{\text{1тоқсан, рейс}}$ - бірінші тоқсандағы рейстер саны;

$t_{\text{қыс.жолсерік}}$ - қыс уақытындағы рейске бір жолсеріктің жұмыс уақыты;

$n_{\text{т1тоқсан, жолсерік}}$ - бірінші тоқсандағы бір жолсеріктің жұмыс уақытының нормасы.

Екінші тоқсанда:

$2\text{тоқсан } N_{\text{жолсерік}} = (N_{\text{ваг. 2тоқсан}} * n_{\text{жаз. жолсерік}} * N_{\text{рейс 2тоқсан}} * t_{\text{жаз.жолсерік}}) / n_{\text{т2тоқсан. жолсерік}}$

мұндағы:

2тоқсан $N_{\text{жолсерік}}$.- екінші тоқсан бойынша жолсеріктердің технологиялық (қатысатын) саны;

$N_{\text{2тоқсан, ваг}}$ - екінші тоқсанда құрамдағы вагондар саны;

$n_{\text{жаз.жолсерік}}$ - рейсаралық күзет уақытын ескерумен жаз уақытында жолсеріктердің вагондарға қызмет көрсету нормасы;

$N_{\text{2тоқсан рейс}}$ - екінші тоқсандағы рейстер саны;

$t_{\text{жаз.жолсерік}}$ - жаз уақытындағы рейске бір жолсеріктің жұмыс уақыты;

$n_{\text{т2тоқсан.жолсерік}}$ - екінші тоқсандағы бір жолсеріктің жұмыс уақытының нормасы.

Үшінші тоқсанда:

$3\text{тоқсан } N_{\text{жолсерік}} = (N_{\text{3тоқсан, ваг}} * n_{\text{жаз.жолсерік}} * N_{\text{3тоқсан рейс}} * t_{\text{жаз.жолсерік}}) / n_{\text{т3тоқсан.жолсерік}}$

мұндағы:

3тоқсан Nжолсерік.- үшінші тоқсан бойынша жолсеріктердің технологиялық (қатысатын) саны;

N3тоқсан, ваг- үшінші тоқсанда құрамдағы вагондар саны;

пжаз.жолсерік- рейсаралық күзет уақытын ескере отырып, жаз уақытындағы жолсеріктердің вагондарға қызмет көрсету нормасы;

N3тоқсан рейс- үшінші тоқсандағы рейстер саны;

tжаз.жолсерік- бір жолсеріктің жаз уақытындағы рейске жұмыс уақыты;

nt3тоқсан.жолсерік- бір жолсеріктің үшінші тоқсандағы жұмыс уақытының нормасы.

Төртінші тоқсанда:

4тоқсан Nжолсерік= (N4тоқсан.ваг* пқыс.жолсерік* N4тоқсан рейс* тқыс.жолсерік)/ nt4тоқсан.жолсерік

мұндағы:

4тоқсанNжолсерік.- төртінші тоқсан бойынша жолсеріктердің технологиялық (қатысатын) саны;

Nваг.4 тоқсан.- төртінші тоқсанда құрамдағы вагондар саны;

пқыс.жолсерік- рейсаралық күзет уақытын ескере отырып, қыс уақытындағы жолсеріктердің вагондарға қызмет көрсету нормасы;

N4тоқсан.рейс- төртінші тоқсандағы рейстер саны;

тқыс.жолсерік- қыс уақытындағы рейске бір жолсеріктің жұмыс уақыты;

nt4тоқсан.жолсерік- төртінші тоқсандағы бір жолсеріктің жұмыс уақытының нормасы.

Жолсеріктердің нормативтік санының еңбекке ақы төлеу қоры мынадай формула бойынша есептеледі:

Rжолсерік.ж.а.= (1тоқсанNжолсерік.+2тоқсанNжолсерік.+3тоқсанNжолсерік.+4тоқсанNжолсерік.)/4*1,1*Рж.а.* Най.

мұндағы:

Rжолсерік.ж.а. - жолаушылардың нормативтік санының еңбекке ақы төлеу қоры;

1,1 – ауруды куәландыру парағы мен еңбек демалысы кезеңіндегі міндетін атқару коэффициенті;

Рж.а- осы Әдістеменің 42-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын жолсеріктердің орташа салалық жалақысы, теңге;

Най. - айларда жолаушылар тасымалын жоспарлау кезеңі.

Поездар бастықтарының нормативтік санының еңбекке ақы төлеу қоры мынадай формула бойынша есептеледі:

An= ((N1тоқсан.рейс +N2тоқсан. рейс+N3тоқсан. рейс +N4тоқсан. рейс)* (ntқыс+ntжаз)/2/(nrt1тоқсан+ nrt2тоқсан+ nt3тоқсан+ nrt4тоқсан))*1,1* Рж.а.*Най.

мұндағы:

Ап- поезд басшыларының нормативтік санының еңбекке ақы төлеу қоры;
птжолсерік- рейсаралық күзет уақытын ескере отырып, бір поезд бастығының жұмыс уақытының нормасы;

Ржалақы- осы Әдістеменің 42-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын поезд басшыларының орташа салалық жалақысы, теңге;

Най- айларда жолаушылар тасымалын жоспарлау кезеңі.

Вагонға поезд бастықтарының жалақысын төлеу қоры поездда вагондар жүрісінің үлесіне қатысты айқындалады.

15. Локомотивтік бригада санын анықтау мынадай базалық көрсеткіштерден тұрады: электр секциялар мен дизельді поездар құрамының саны, бір айдағы күндер саны, бір тәулікте локомотивтің үздіксіз жұмыс істеу уақыты, жұмыс уақытының орташа жылдық нормасы.

Электр секциялар мен дизельді поездар машинистерінің саны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$N_{\text{машин.}} = (N_{\text{құрам}} * N_{\text{күн.ай}} * t_{\text{лок.}}) / n_{\text{тмашин.}}$$

мұндағы:

$N_{\text{машин.}}$ - электр секциялар мен дизельді поездар машинистерінің саны;

$N_{\text{құрам}}$ - құрам саны;

$N_{\text{күн.ай}}$ - бір айдағы күндер саны;

$t_{\text{лок.}}$ - 24 сағатқа тең локомотивтің тәулікте үздіксіз жұмыс істеу уақыты;

$n_{\text{тмашин.}}$ - машинистің орташа жылдық жұмыс істеу нормасы.

16. Машинист көмекшісінің саны ($N_{\text{машин.көмекшісі}}$) былайша есептеледі: әр машинистке бір көмекші, дизельді поездардағы жұмыс кезінде қосымша екінші көмекші көзделеді.

Локомотивтік бригада санының еңбекке ақы төлеу қоры мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{\text{лок.бригада жалақысы}} = N_{\text{машин}} * 1,1 * R_{\text{жалақы}} * \text{Най.} + N_{\text{машин.көмекшісі}} * 1,1 * R_{\text{жалақы}} * \text{Най}$$

мұндағы:

$R_{\text{лок.бригада жалақысы}}$ - локомотивтік бригада санының жалақысын төлеу қоры;

1,1 - ауруды куәландыру парағы мен еңбек демалысы кезеңіндегі міндетін атқару коэффициенті;

Ржалақы- осы Әдістеменің 42-тармағында белгіленген тәртіппен анықталатын машинистердің және машинистер көмекшілерінің орташа салалық жалақысы;

Най. - айларда жолаушылар тасымалын жоспарлау кезеңі.

17. Әлеуметтік аударымдар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы

Қазақстан Республикасы Кодексінің 485-бабы тиісті кезеңге көзделген әлеуметтік салықты еңбекке ақы төлеу қорына (Рәлеум. аудар.) қолдану жолымен есептеледі.

18. Меншікті жылжымалы құрамды күрделі және деполық жөндеу.

Меншікті жылжымалы құрамды күрделі және деполық жөндеуге кететін көлемді есептеу мынадай формулалар бойынша айқындалады:

Жолаушылар вагондары:

$R_{\text{жөндеу}} = N_{\text{ваг.}} \cdot N_{\text{құр.}} \cdot k_{\text{резерв}} \cdot k_{\text{парк}} \cdot n_{\text{жөндеу}} \cdot N_{\text{іай.}} \cdot R_{\text{жөндеу}}$
электр секция мен дизельді поездар вагондары:

$R_{\text{жөндеу}} = (N_{\text{ваг.}} + k_{\text{резерв}}) \cdot N_{\text{құр.}} \cdot k_{\text{парк}} \cdot n_{\text{жөндеу}} \cdot N_{\text{іай.}} \cdot R_{\text{жөндеу}}$
мұндағы:

$R_{\text{жөндеу}}$ - жоспарланған кезеңге күрделі/деполық жөндеу шығыстары;

$k_{\text{парк}}$ - меншікті жылжымалы жолаушылар құрамын пайдалану коэффициенті 0,3 мөлшерінде;

$n_{\text{жөндеу}}$ - жоспарланған кезеңге орташа нормативтік жөндеу жүргізу коэффициенті.

$K_{\text{резерв.}}$ - міндетті резерв вагондарының коэффициенті: жолаушылар вагондары бойынша 1,07 тең (айналымдағы жалпы вагондар санының 7%); электр секциялар мен дизельді поездар бойынша 3 вагонға тең (бас, моторлы және тіркемелі);

$N_{\text{іай.}}$ - айлар бойынша жолаушыларды тасымалдау кезеңі;

$R_{\text{жөндеу}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын бір вагонға жөндеудің тиісті түріне тариф, теңге.

Жоспарланған кезеңге орташа нормативтік жөндеу коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$n_{\text{жөндеу}} = N_{\text{тжөндеу}} / t_{\text{пайдалану}}$

мұндағы:

$n_{\text{жөндеу}}$ - жоспарлы кезеңдегі орташа нормативтік жөндеуді өткізу коэффициенті;

$N_{\text{тжөндеу}}$ - уәкілетті орган айқындайтын вагонның барлық қызмет ету мерзіміне жоспарлы жөндеу түрінің саны;

$t_{\text{пайдалану}}$ - вагонның қызмет ету пайдалы мерзімі, ай.

19. Жолаушылар вагондарына тиісті көлемде техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТК).

Базалық көрсеткіштер: поездардың қозғалыс кестесінде (кесте) көзделген құрамдағы вагондар, айналымдағы құрамдардың, рейстердің саны, сумен және қатты отынмен жабдықтау жүзеге асырылатын станциялар саны, жол жүру уақыты, вагон-тәулік.

ТҚ-2 (техникалық қызмет көрсету) қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$РТҚ2=(N_{\text{ваг.}}*k_{\text{резерв.}}*N_{\text{құрам}}*2*РТҚ2)/12*N_{\text{іай}}$$

ТҚ-3 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$РТҚ-3=(N_{\text{ваг.}}*k_{\text{резерв.}}*N_{\text{құрам}}*1,3*РТҚ-3)/12*N_{\text{іай}}$$

ТҚ-1 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$РТҚ1=(N_{\text{ваг.}}*N_{\text{рейс}}+V_{\text{жөндеу}})*РТҚ-1$$

Тұлпар-Тальго вагондарының техникалық қызмет көрсету қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$РТҚ_{\text{тальго}}=(N_{\text{ваг.}}*k_{\text{резерв.}}*N_{\text{құрам}}*РТҚ_{\text{тальго}})/12*N_{\text{іай}}$$

Ескертпе: ағымдағы тіркеуден алып жөндеу ТҚ-1 үнемдеу есебінен жүргізіледі.

мұндағы:

РТҚ2- ТҚ-2 көлеміндегі техникалық қарау шығыстары;

РТҚ-3- ТҚ-3 көлеміндегі техникалық қарау шығыстары;

РТҚ1- ТҚ-1 көлеміндегі техникалық қарау шығыстары;

РТҚтальго- Тұлпар-Тальго вагондарын техникалық қарау шығыстары;

Нрейс- жылына рейстердің саны;

Нқұрам- айналымдағы құрамдар саны;

2-ТҚ - 2 жүргізу қажеттілігінің коэффициенті (күзгі-көктемгі тексеру)

1,3 - ТҚ - 3 жүргізу қажеттілігінің орташа коэффициенті;

12 - жылдағы айлар саны;

Vжөндеу- күрделі жөндеуге, деполық жөндеуге, ТҚ-2, ТҚ-3 жіберілетін вагондардың саны;

Nіай. - айлардағы жолаушылар тасымалының жоспарланатын кезеңі;

РТҚ-1/ТҚ-2/ТҚ-3- осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын техникалық қызмет көрсетудің тиісті түрлерінің тарифі;

РТҚтальго- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ағымдағы курсы бойынша аударымын ескере отырып, осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын Тұлпар-Тальго вагондарына техникалық қызмет көрсету тарифі, теңге.

20. Көлемдегі электр секциялар мен дизельді поездарға техникалық қызмет көрсету базалық көрсеткіштерді есептеу жолымен жүргізіледі: жоспарланған жалпы жүріс, нормативтік (жөндеуаралық) жүріп өткен жол.

Көлемдегі жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету көлемін есептеу мына формулалар бойынша айқындалады:

ТҚ-8 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$РТҚ8=(V_{\text{ваг/км}}/V_{\text{нваг/км}}*V_{\text{КР1}})*РТҚ-8$$

ТҚ-7 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$РТҚ7 = (V_{\text{ваг/км}} / V_{\text{пваг/км}} V_{ТҚ-8}) * РТҚ-7$$

ТҚ-6 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$РТҚ6 = (V_{\text{ваг/км}} / V_{\text{пваг/км}} V_{ТҚ-7}) * РТҚ-6$$

ТҚ-3 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$РТҚ3 = (V_{\text{ваг/км}} / V_{\text{пваг/км}} V_{ТҚ-6}) * РТҚ-3$$

ТҚ-2 қажеттілігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$РТҚ2 = N_{\text{ваг.}} = N_{\text{құрам}} * 20,3 * РТҚ-2$$

ТҚ-2 қажеттілігі пайдаланылатын парктерге әр 36-48 сағат сайын жүргізіледі.

Электр секция вагондары мен дизельді поезддарды күзгі-көктемгі комиссиялық тексеру қажеттілігі (бұдан әрі сәйкесінше – ВКО және ОКО) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R\text{-ОКО} = (N_{\text{ваг.}} * k_{\text{резерв.}} * N_{\text{құрам}} * 1,3 * R_{\text{ВКО-ОКО}}) / 12 * N_{\text{іай}}$$

Электр секциялары мен дизель поезддарының қауіпсіздік аспаптарын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{\text{қауіпс.құралы}} = (N_{\text{ваггол.}} * N_{\text{құрам}} * (VKP1/2 + V_{ТҚ8} + V_{ТҚ7} + V_{ТҚ6} + V_{ТҚ3}) * R_{\text{қауіпс.құралы}}$$

мұндағы:

РТҚ8- ТҚ-8 көлеміндегі электр секциялар мен дизельді поезддарды техникалық қарау шығыстары;

РТҚ7- ТҚ-7 көлеміндегі электр секциялар мен дизельді поезддарды техникалық қарау шығыстары;

РТҚ6- ТҚ-6 көлеміндегі электр секциялар мен дизельді поезддарды техникалық қарау шығыстары;

РТҚ3- ТҚ-3 көлеміндегі электросекциялар мен дизельді поезддарды техникалық қарау шығыстары;

РТҚ2- ТҚ-2 көлеміндегі электр секциялар мен дизельді поезддарды техникалық қарау шығыстары;

ВКО-ОКО- электр секциялар мен дизельді поезддарды көктемгі-күзгі комиссиялық қарау шығыстары;

R_{қауіпс.құралы}- электр секциялар мен дизельді поезддардың қауіпсіздік құрылғыларын техникалық қарау және жөндеу шығыстары;

$VKP1/2 + V_{ТҚ8} + V_{ТҚ7} + V_{ТҚ6}$ - тиісті жөндеу түрінің көлемі;

$V_{\text{ваг/км}}$ - жалпы жоспарланған жүріс;

$V_{\text{пваг/км}}$ - тиісті жөндеу түрі бойынша нормативтік жөндеуаралық жүріс;

$N_{\text{ваггол.}}$ - электр секциялар мен дизельді поезддардың құрамындағы 2-ге тең болатын бас вагондардың саны;

РТҚ-2/ТҚ-3/ТҚ-6/ТҚ-7/ТҚ-8/ВКО-ОКО/қауіпс.құралы- осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын тиісті техникалық қызмет көрсету түріне арналған тариф, теңге.

21. Биоәжетханаларды ассенизаторлық тазалау базалық (негізгі) көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады: поездардың қозғалыс графигінде (кестесінде) көзделген құрамдағы вагондардың, рейстердің саны, жол жүру уақытында биоәжетханаларды ассенизаторлық тазалау жүзеге асырылатын станциялар саны, вагон-тәулік;

$R_{\text{биоәжетхана}} = N_{\text{ваг.}} * N_{\text{рейс}} * N_{\text{бак}} * N_{\text{станц}} * R_{\text{биоәжетхана}}$

мұндағы:

$R_{\text{биоәжетхана}}$ - биоәжетханаларды ассенизаторлық тазалауға арналған шығыстар;

$N_{\text{бак}}$ - вагонның құрылымына сәйкес вагондағы бактардың саны;

$N_{\text{станц}}$ - рейс кезіндегі биоәжетханаларға ассенизаторлық тазалау жүргізілетін станциялардың саны;

$R_{\text{биоәжетхана}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын биоәжетханаларды ассенизаторлық тазалауға арналған тариф, теңге.

22. Жолаушыларды тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге тікелей жұмылдырылған активтердің амортизациялық аударымдары (вагондарды амортизациялау) базалық көрсеткіштер есептеу негізінде жүзеге асырылады: құрамдағы вагондардың саны, айналымдағы құрамдар саны;

Жолаушылар вагондары:

$R_{\text{вагондардың тозуы}} = N_{\text{ваг.}} + N_{\text{жағдайы}} * k_{\text{резерв}} * N_{\text{имес}} * k_{\text{парк}} * P_{\text{тозу.}}$

Электр секциялар вагондары мен дизельді поездар:

$R_{\text{вагондардың тозуы}} = (N_{\text{ваг.}} * k_{\text{резерв}}) * N_{\text{жағдайы}} * N_{\text{имес}} * k_{\text{парк}} * P_{\text{тозу.}}$

мұндағы:

$R_{\text{вагондардың тозуы}}$ - вагондарды амортизациялауға арналған шығыстар;

$N_{\text{ваг.}}$ -құрамдағы вагондардың саны;

$N_{\text{жағдайы}}$ - құрамдардың қажетті саны;

$k_{\text{резерв}}$ - вагондардың міндетті резервінің коэффициенті: 1,07 тең жолаушылар вагондары (айналымдағы вагондардың жалпы санының 7%) бойынша; 3 вагонға тең электр секциялар мен дизельді поездар бойынша (бас, моторлы және тіркемелі);

$N_{\text{имес}}$ - айлардағы жолаушылар тасымалы жоспарланған кезең;

$k_{\text{парк}}$ - уәкілетті орган белгілеген меншікті жолаушылар жылжымалы құрамын пайдалану коэффициенті;

$P_{\text{тозу.}}$ - тиісті типтегі бір вагонның амортизациялық аударымдарының айлық мөлшері;

Бір вагонның тиісті түріне арналған амортизациялық аударымдардың айлық мөлшері біркелкі әдіспен есептеледі.

23. Жолаушылар вагондары, электр секциялар мен дизель поездар үшін құрал-жабдықтар, мүкәммал сатып алу және оларды сақтау базалық көрсеткіштерді есептеу негізінде жүзеге асырылады: поездар қозғалысы графигінде (кестесінде) көзделген вагондар (түрі бойынша) және рейстер саны;

Вагондарды жабдықтау үшін мүкәммалды сатып алуға арналған шығыстар мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{\text{си}} = n_{\text{си}} * N_{\text{ваг.}} * N_{\text{жағд.}} / t_{\text{пайд.}} * t_{\text{іпайд}} * R_{\text{си}}$$

мұндағы:

$R_{\text{си}}$ - вагондарды (поездарды) жабдықтау үшін мүкәммалды сатып алуға арналған шығыстар;

$n_{\text{си}}$ - осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес 1 вагонды (поезды) жұмсақ жиналмалы мүкәммалмен, жиналмалы, сигнал беретін жабдықпен, медициналық керек-жарақтармен және арнайы киіммен жабдықтау нормалары, осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес "Тальго" вагондары өндірісінің вагондарын жұмсақ жиналмалы мүкәммалмен, жиналмалы, сигнал беру жабдығымен, медициналық жабдықпен және арнайы киіммен жабдықтау нормасы, осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес электр-дизель поездарын жұмсақ мүкәммалмен, жиналмалы, сигнал беретін жабдықпен, медициналық жабдықпен және арнайы киіммен жабдықтау нормасы;

$R_{\text{си}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын жиналмалы мүкәммалдың өлшем бірлігіне арналған орташа бағалар, теңге;

$t_{\text{пайд.}}$ - осы Әдістеменің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мүкәммалды пайдалану мерзімі;

$t_{\text{іпайд}}$ - осы Әдістеменің 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жоспарланған кезеңде мүкәммалды пайдаланудың жоспарланған мерзімі;

$$R_{\text{сангиг}} = n_{\text{сангиг}} * N_{\text{ваг.}} * N_{\text{рейс}} * V_{\text{жағд.}} * R_{\text{сангиг}}$$

мұндағы:

$R_{\text{сангиг}}$ - вагондарды (поездарды) жабдықтауға арналған санитарлық гигиена және санитарлық тазалау құралдарының шығыстары;

$n_{\text{сангиг}}$ - осы Әдістеменің 4-қосымшасына сәйкес вагондарды (поездың 1 вагоны) санитарлық гигиеналық, вагонды тазалау заттарымен жабдықтау нормасы, осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес санитарлық гигиена, вагондарды тазалау заттарымен электр-дизельді поезды жабдықтау нормасы;

$V_{\text{жағд.}}$ - тәуліктегі жолаушылар құрамының айналымы;

$R_{\text{сангиг}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын санитарлық гигиена мен санитарлық тазалау құралдарының орташа бағасы, теңге.

24. Жұмсақ жиналмалы мүкәммалдарды жуу және химиялық тазалауға жоспарланған шығыстар көлемі мынадай формула бойынша жұмсақ жиналмалы

мүкәммалдарды жуу мен химиялық тазалаудың жоспарланған көлемін есептеу жолымен жүзеге асырылады:

$R_{\text{жуу/хим.тазалау}} = \text{пси} * N_{\text{ваг.}} * N_{\text{жағд.}} * \text{тмси} * n_{\text{өңдеу}} * N_{\text{имес}} * R_{\text{жуу}}$
мұнда:

$R_{\text{жуу/хим.тазалау}}$ - осы Әдістеменің 6-қосымшасына сәйкес жұмсақ жиналмалы мүкәммалдар жуу және химиялық тазалауға арналған шығыстар;

$R_{\text{жуу}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын өңдеудің сәйкес түріне тариф, теңге/килограмм.

25. Жолаушылар вагондарын, электр секциялар мен дизельді поезддарды дератизациялау, дезинсекциялау және дезинфекциялау мынадай формула бойынша жылжымалы құрамды дезинфекциялауға жоспарланған жалпы шығыстар көлемін есептеу арқылы жүзеге асырылады:

$R_{\text{дезинфекция}} = N_{\text{ваг.}} * S_{\text{өңдеу}} * N_{\text{рейс}} * P_{\text{сэс}} R_{\text{дезинфекция/дератизация}} = N_{\text{ваг.}} * S_{\text{өңдеу}} * N_{\text{жағдай}} * n_{\text{өңдеу}} * N_{\text{имес}} * P_{\text{сэс}}$

мұндағы:

$R_{\text{дезинфекция}}$ - жылжымалы құрамды дезинфекциялауға арналған шығыстар;

$R_{\text{дератизация/дератизация}}$ - жылжымалы құрамды дезинсекциялауға/дератизациялауға арналған шығыстар;

$S_{\text{өңдеу}}$ - бір вагонға арналған өңдеу алаңын дезинфекциялау: жолаушылар вагоны, электр секциялар мен дизельді поезд - 15 шаршы метр, дезинсекциялау: жолаушылар вагоны – 60 шаршы метр, электр секциялар мен дизельді поездар - 64,8 шаршы метр, дератизациялау: жолаушылар вагоны - 60 шаршы метр, электр секциялар мен дизельді поездар - 64,8 шаршы метр.

$n_{\text{өңдеу}}$ - жылжымалы құрамды дезинсекциялау/дератизациялау бойынша өңдеу жиілігі - айына 1 рет;

$N_{\text{рай}}$ - айлардағы жолаушылар тасымалының жоспарланған кезеңі;

$P_{\text{сэс}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын өңдеудің сәйкес түріне орташа тариф, теңге/шаршы2 метр үшін.

26. Өрт қауіпсіздігі (өрт сөндіргішті зарядтау) тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттер Грузия, Латвия Республикасы, Литва Республикасы, Эстон Республикасы арасындағы халықаралық жолаушылар қатынасындағы Достастыққа қатысушы мемлекеттердің теміржол көлігі жөніндегі кеңес бекіткен (2017 жылғы 18-19 мамырдағы № 66 хаттама) темір жол көлігінің жылжымалы құрамын алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау нормасына сәйкес өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған шығыстарды мынадай формула бойынша есептеу арқылы жүзеге асырылады:

$R_{\text{өрт сөнд. зарядтау}} = N_{\text{ваг.}} * N_{\text{жағд.}} * n_{\text{өрт сөнд.}} * p_{\text{заряд}} / 12 * N_{\text{имес}} * R_{\text{өрт сөнд. зарядтау}}$

мұндағы:

Рөрт сөнд. зарядтау- жоспарланған кезеңге арналған вагондардың өрт сөндіргіштерін зарядтау шығыстары;

n-өрт сөнд- осы Әдістеменің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес вагондарды өрт сөндіргішпен жабдықтау нормасы (таспен жылытылатын вагондар ұнтақты өрт сөндіргіш әмбебап -5, ұнтақты өрт сөндіргіш -5 және өрт сөндіргіш -5 немесе ұнтақты өрт сөндіргіш -10 және өрт сөндіргіш -8 түріндегі өрт сөндіргіштермен, ал электрмен жылытылатын вагондар ұнтақты өрт сөндіргіш әмбебап -5 типтегі екі және бір ұнтақты өрт сөндіргіш -5 немесе ұнтақты өрт сөндіргіш -10 және өрт сөндіргіш -8 типтегі 1 өрт сөндіргішпен жабдыкталады);

nзаряд- өрт сөндіргіштерді зарядтау (қайта зарядтау) нормасы (жылына 1 рет) ;

Nіай- айлардағы жолаушылар тасымалының жоспарланған кезеңі;

Рөрт сөнд. зарядтау- осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын өрт сөндіргіштерді зарядтау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған тариф, теңге.

27. Вагондардың басқа поезддардағы жүріп өткен жолы вагондардың басқа тасымалдаушының құрамындағы жүрген жолының шығыстарын мынадай формула бойынша есептеу жолымен жүзеге асырылады:

$$R_{\text{жүрісі}} = N_{\text{ваг. жөнелту}} * 2S * R_{\text{жүрісі}}$$

мұндағы:

Rжүрісі- вагонның басқа поезддардың құрамында жүрген жолының шығыстары;

Nваг.жөнелту- жолаушылар тасымалының жоспарланған кезеңінде басқа поезддардың құрамында жөнелтілген вагондар саны;

2S - өзге поезддардың құрамында қатынайтын вагондарды тіркеу-ағыту пунктіне дейінгі барып-қайту арақашықтығы, километр;

Rжүрісі- осы Әдістеменің 41-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын тіркеу тарифі, теңге.

28. Шаруашылық қажеттілігіне арналған электр секциялар мен дизельді поезддардың жүріп өткен жолы (жөндеуге жүрген жолы) шаруашылық қажеттілігіне арналған электр секциялар мен дизельді поезддар жүрісінің шығыстарын мынадай формула бойынша есептеу арқылы жүзеге асырылады:

$$R_{\text{шаруаш.жүрісі}} = (VTK_8 + VTK_7 + VTK_6 + VTK_3) * 2S * R_{\text{мтж}}$$

мұндағы:

Rшаруаш.жүрісі- шаруашылық қажеттілігіне арналған электр секциялар мен дизельді поезддардың шығыстары;

(VTK₈VTK₇VTK₆VTK₃) - электр секциялар мен дизельді поезддарды жөндеудің тиісті түрлерінің көлемі (электр секциялар мен поезддардың ТК арналған жөнелтілген вагондарының саны);

2S - электр секциялар мен дизельді поезддарды құрастыру пунктіне байланысты жөндеу базасына дейінгі барып-қайту арақашықтығы, км;

Рмтж- МТЖ пайдалану қызметтеріне арналған тариф, теңге.

29. Нысанды киім "Нысанды киімді (погонсыз) киюге құқығы бар темір жол көлігі қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киімінің (погонсыз) үлгілері мен айырым белгілерін, оның кию тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі № 242 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6989 болып тіркелді) бекітілген Нысанды киіммен (погонсыз) теміржол көлігі қызметкерлерін қамтамасыз ету нормаларына сәйкес нысанды киімге шығыстарды есептеу жолымен мына формула бойынша айқындалады:

$R_{\text{нысан. киім}} = (N_{\text{жолсерік}} + N_{\text{поезд баст.}} + N_{\text{машинист}} + N_{\text{машинистің көмек.}})$

* $n_{\text{нысан. киім}} / t_{\text{пайд.}} * t_{\text{іпайд.}} * R_{\text{нысан. киім}}$

мұндағы:

$R_{\text{нысан. киім}}$ - жолсеріктерді, поезд бастығы мен локомотив бригадаларын нысанды киіммен қамтамасыз ету шығыстары (электр секциялар мен дизельді поезддар бойынша);

$N_{\text{жолсерік}}$ - вагон/поезға арналған жолсеріктердің нормативтік саны;

$N_{\text{поезд баст.}}$ - поезға арналған поезд бастығының нормативтік саны;

$N_{\text{машинист}}$ - поезға арналған машинистердің нормативтік саны (электр секциялар мен дизельді поезддар бойынша);

$N_{\text{машинистің көмек.}}$ - поезға арналған машинистердің көмекшілерінің нормативтік саны (электр секциялар мен дизельді поезддар бойынша);

$n_{\text{нысан. киім}}$ - уәкілетті орган белгілеген нормаларға сәйкес бір қызметкерді нысанды киіммен қамтамасыз ету;

$t_{\text{пайд.}}$ - уәкілетті орган белгілеген нормаларға сәйкес нысанды киімдерді пайдалану мерзімі;

$t_{\text{іпайд.}}$ - жоспарланған кезеңдегі нысанды киімдерді пайдаланудың жоспарланған мерзімі;

$R_{\text{нысан. киім}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын нысанды киімге арналған баға, теңге.

30. Медициналық көрсетілетін қызметтер "Міндетті медициналық қарап тексеру өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 175 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10987 болып тіркелді) бекітілген міндетті медициналық қарап тексеру өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесіне және "Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 128 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10634 болып тіркелді) бекітілген, міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларына сәйкес (рейс алдындағы медициналық тексеру және міндетті медициналық тексеру) медициналық көрсетілетін қызметке арналған шығыстарды есептеу арқылы жүзеге асырылады.

Медициналық көрсетілетін қызметке арналған шығыстар (рейс алдындағы медициналық тексеру және міндетті түрде профилактикалық тексеру) мынадай формула бойынша есептеледі.

$R_{\text{рейс алдындағы тексеру}} = (N_{\text{жолсерік}} N_{\text{поезд бастығы}} + N_{\text{машинист}} + N_{\text{машинист көмекшісі}}) * N_{\text{рейс}} * R_{\text{рейс алдындағы тексеру}}$
мұндағы:

$R_{\text{рейс алдындағы тексеру}}$ - рейс алдындағы медициналық тексеру шығыстары ;

$R_{\text{рейс алдындағы тексеру}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын рейс алдындағы медициналық тексеру қызметіне арналған тариф, теңге;

$R_{\text{профилактикалық тексеру}} = (N_{\text{жолсерік}} N_{\text{поезд бастығы}} + N_{\text{машинист}} + N_{\text{машинист көмекшісі}}) * 0,166 * N_{\text{ай}} * R_{\text{рейс алдындағы тексеру}}$
мұндағы:

$R_{\text{профилактикалық тексеру}}$ - профилактикалық тексеруге арналған шығыстар;
 $N_{\text{ай}}$ - айлардағы тасымалдың жоспарланған кезеңі;

0,166 - айына тексерудің еселік коэффициенті (жылына 2 рет нормативтік профилактикалық тексеру есебінен).

31. Жолаушыларды, қызметкерлерді сақтандыру қызметкерлерді сақтандыруға арналған шығыстарды сақтандыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеу арқылы жүзеге асырылады.

$R_{\text{қызметкер.сақтандыру}} = (R_{\text{жолсерік. жалақысы}} + R_{\text{поезд баст.жалақысы}} + R_{\text{лок.бриг.жалақысы}}) * 0.5 \%$

мұндағы:

$R_{\text{қызметкер.сақтандыру}}$ - жұмыс берушінің қызметкерлер алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шығыстары;

0,5 % - сақтандыру сыйақысының минималды пайызы;

Сақтандыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға арналған шығыстары жоспарланады:

$R_{\text{жолауш. сақтан.}} = D_{\text{тасымал}} * 0,2 \%$

мұндағы:

Ржолауш. сақтан.- тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шығыстары;

0,2 % - сақтандыру сыйақысының минималды пайызы.

32. Электр секциялардың жұмысы - тартуға арналған электр энергиясы электр секциялардың жұмысына арналған электр энергиясы бойынша шығыстарды мынадай формула бойынша есептеу арқылы табылады:

Рэл. энергиясы= пэл. энергиясы* Nрейс* 2 * Рэл. энергиясы
мұндағы:

Рэл. энергиясы- электр секциялардың жұмысына арналған электр энергиясы бойынша шығыстар;

пэл. энергиясы- бір рейс үшін байланыс желісіндегі шығын ескерілген Тн. Км-брутто үшін жұмсалатын электр энергиясы шығыстарының нормасы, кВт.с.

Рэл. энергиясы- поезддарды тарту үшін электр энергиясын беру тарифі;

Электр поезының поезд жұмыстарына арналған электр энергиясының шығыстар нормасының есебі өндіруші зауытпен айқындалған нормаларға сәйкес орындалады.

Электр энергиясы шығыстарының нормасы мынадай формула бойынша есептеледі:

пэлектр.энер. = ео КμKi Kt+ Z'(Dem) + есл (Кв + ΘсК'в)

мұндағы:

пэлектр.энер- электр энергиясы шығыстарының нормасы, Квт.с;

ео - электр поезының техникалық деректері (кВт.с/өлшем);

Ki = 1 + aiэ

а - негізінен қозғалыс жылдамдығына тәуелді коэффициент;

Kμ - вагондардың жүк көтергішті пайдалану деңгейіне әсер ету коэффициенті (17,5 т = 1);

Kt - нормаланған кезеңдегі температуралық коэффициент;

есл - көмекші машиналарға арналған электр энергиясының шығындары;

Кв - жүру барысындағы көмекші машиналарды пайдалану коэффициенті храниметраж арқылы айқындалады;

К'в - аялдамада көмекші машиналарды пайдалану коэффициенті храниметраж арқылы айқындалады;

Θс - аялдау уақытының коэффициенті tст/to тең;

tст - поезддардың кестесі бойынша жалпы аялдау уақыты;

to - поездың жалпы жүру уақыты;

Dem- тоқтау кезінде жұмсалған кинетикалық энергияны қалпына келтіру шығындары, (кВт.с/10 мың.ткм брутто);

Z' = 100 x z/L;

Z - аялдамалар саны.

33. Дизель поезддарының жұмысы - поезд жұмыстарына арналған дизель отынының шығыстары.

Поезд жұмыстарына арналған дизель отынының шығыстары мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{\text{поезд дизотын}} = n_{\text{дизотын}} * R_{\text{дизотын}} * N_{\text{рейс}} * 2$$

мұндағы:

$n_{\text{дизотын}}$ - бір рейске арналған дизель отынының шығыс нормасы, кг;

$R_{\text{дизотын}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын дизотынның тарифі, кг. үшін, теңге.

Дизельді поезддардың поезд жұмыстарына арналған дизель отынының шығыстар нормасының есебі зауыт өндірушінің поезддарды тартуға арналған электр энергиясын және отынды техникалық нормалау жөніндегі нұсқаулықтарына сәйкес мынадай формула бойынша орындалады:

$$n_{\text{дизотын}} = n_0 K_{\mu} K_i K_t + Z'(D_n T) + K_x n_x + \Theta_c K' x n_x$$

$n_{\text{дизотын}}$ - дизель отынының шығыстар нормасы (кг);

n_0 - дизельді поездың техникалық деректері (кВтс/өлшем);

K_{μ} - вагондардың жүк көтергішті пайдалану деңгейіне әсер ету коэффициенті (17,5 тонн = 1);

K_t - нормаланған кезеңдегі температуралық коэффициент;

K_x - жалпы бос жүру уақытына бос жүруге қатысты көрсетілген бос жүру коэффициенті;

n_x - дизельді поездың техникалық деректері бойынша бос жүруге кеткен отын шығысына қатысты сағат шамасы;

$K'x$ - аялдау уақыты кезіндегі бос жүріс коэффициенті;

$$K'x = 8x t_{\text{ст}};$$

$t_{\text{ст}}$ - поезддардың кестесі бойынша жалпы аялдау уақыты;

t_0 - поездың жалпы жүру уақыты;

$8x$ - жол жүру бойынша тәжірибе тәсілімен айқындайды;

Θ_c - аялдау уақытының коэффициенті $y t_{\text{ст}}/t_0$ тең;

$D_n T$ - тоқтау кезінде жұмсалған кинетикалық энергияны қалпына келтіруге арналған отын шығысы, (кг/10 мың ткм брутто);

$$Z_s = 100 \times z/L;$$

Z - аялдамалар саны.

34. Тасымалдаушы тек Қазақстан Республикасының шекараларында ғана жұмсайтын өндірістің негізгі тікелей шығыстары мынадай формула бойынша айқындалады:

$$R_{Q \text{ тікелей}} = R_{\text{анықтама}} + R_{\text{рұқсат}} + R_{\text{отын/су пайд.}}$$

1) Жолаушыларға қызмет көрсету (анықтама-ақпараттық қызметтер құны);

Базалық көрсеткіштер: жолаушыларды отырғызу және түсіру жүзеге асырылатын поездар, рейстер, станциялар саны.

Теміржол вокзалдарындағы анықтама-ақпараттық қызметтер бойынша шығыстар есебі 2-кезеңмен мынадай формула бойынша айқындалады:

1-кезең: поезд бойынша темір жол вокзалдарындағы анықтама-ақпараттық қызметтер бойынша шығыстар есебі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{\text{поезд анықтама}} = N_{\text{рейс}} * (2N_{\text{станц}} * R_{\text{станц}})$$

мұндағы:

$R_{\text{Qтікелей}}$ - тасымалдаушы тек Қазақстан Республикасының шекараларында ғана жұмсайтын өндірістің негізгі тікелей шығыстары;

$R_{\text{отын/су пайд.}}$ - вагондарды сумен және отынмен жабдықтау шығыстары;

$R_{\text{поезд анықтама}}$ - поезд бойынша темір жол вокзалдарындағы анықтама-ақпараттық қызмет шығыстарының көлемі;

$N_{\text{рейс}}$ - рейстердің саны;

$2N_{\text{станц}}$ - тура және кері қарай жолаушыларды отырғызу және түсіру жүзеге асырылатын станциялар саны;

$R_{\text{станц}}$ - тиісті станциялар бойынша анықтама-ақпараттық қызметтерді ұсыну жөніндегі тарифі;

2-кезең: темір жол вокзалдарындағы анықтама-ақпараттық қызмет бойынша шығыстар көлемі, бір вагонға мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{\text{вагон анықтама}} = R_{\text{поезд анықтама}} / N_{\text{вагон}}$$

мұндағы:

$R_{\text{вагон анықтама}}$ - темір жол вокзалдарындағы анықтама-ақпараттық қызметтер бойынша бір вагонға шығыстардың көлемі;

$N_{\text{вагон}}$ - поездағы вагондар саны;

2) тасымалмен байланысты өндіріс ғимараттарына, құрылыстарға және жолаушылар шаруашылығының жабдықтарына қызмет көрсету: жалпы пайдаланымдағы вокзал ғимаратына кіруге рұқсат беру қызметтері:

$$R_{\text{кіруге рұқсат}} = N_{\text{вагон}} * N_{\text{рейс}} * (2N_{\text{станц}} * R_{\text{станц}})$$

мұндағы:

$R_{\text{кіруге рұқсат}}$ - жалпы пайдаланымдағы вокзал үй-жайына кіруге рұқсат беру шығыстарының көлемі;

$N_{\text{рейс}}$ - рейстер саны;

$N_{\text{ваг.}}$ - құрамдағы вагондар саны;

$2N_{\text{станц}}$ - тура және кері қарай жолаушыларды отырғызу және түсіру жүзеге асырылатын станциялар саны;

$R_{\text{станц}}$ - тиісті станциялар бойынша жалпы пайдаланымдағы вокзал үй-жайына кіруге рұқсат беру тарифі.

3) Жолаушылар вагондарын сумен және отынмен жабдықтау.

Сумен жабдықтау бойынша шығыстар мынадай формула бойынша есептеледі :

Құрастыру пунктінде:

$R_{\text{құраст.сумен жабд.}} = (N_{\text{ваг.}} * N_{\text{рейс}} + V_{\text{жөндеу}}) * R_{\text{құраст.сумен жабд.}}$

Ұқсас формула айналым пункттерінде сумен жабдықтау шығыстарын есептеу үшін де қолданылады.

Жол жүру барысында:

$R_{\text{жол жүру барыс. жабд.}} = N_{\text{ваг.}} * N_{\text{станцэв}} * N_{\text{рейс}} * 2 * R_{\text{жол жүру барыс. сумен жабд.}}$

мұндағы:

$V_{\text{жөндеу}}$ - күрделі, деполық жөндеуге, ТО-2 және ТО-3 жөнелтілетін вагондар саны;

$N_{\text{станцэв}}$ - жол жүру барысында сумен жабдықтау жүзеге асырылатын станциялар саны;

$R_{\text{сумен жабд.}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын тиісті (жолда және құрастыру, айналым пункттерінде) жабдықтау түрі және тиісті станция қызметтеріне арналған тариф.

Қатты отынмен жабдықтау шығыстары мынадай формула бойынша есептеледі:

Құрастыру пункттерінде:

$R_{\text{құрастыру отын.жабд.}} = (N_{\text{ваг.}} * N_{\text{қысқы рейс}} + V_{\text{қысқы жөндеу}}) * R_{\text{құраст.отынмен жабд.}}$

Ұқсас формула айналым пункттерінде қатты отынмен жабдықтау шығыстарын есептеу үшін де қолданылады.

Жол жүру барысында:

$R_{\text{жол жүру барыс. отын.жабд.}} = N_{\text{ваг.}} * N_{\text{станцэт}} * N_{\text{қысқы рейс}} * 2 * R_{\text{жол жүру барыс. отын.жабд.}}$

мұндағы:

$V_{\text{қысқы жөндеу}}$ - қысқы мерзімде (7 ай) күрделі, деполық жөндеуге, ТО-2 және ТО-3 жөнелтілетін вагондар саны;

$N_{\text{қысқы рейс}}$ - қысқы уақыттағы рейстер саны (7 ай);

$N_{\text{станцэт}}$ - қатты отынмен, оның ішінде айналым пункттерінде жабдықтау жүзеге асырылатын станциялар саны;

$R_{\text{отын.жабд.}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын жабдықтаудың тиісті түрі және тиісті станция бойынша қатты отынмен жабдықтау қызметтеріне арналған тариф (жолда және құрастыру, айналым пункттерінде).

Дизель отынымен жабдықтау шығыстары вагонның құрамында дизель-генераторы бар болғанда жасаушы зауыттың жолаушылар вагондарын

пайдалану және оларға қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулыққа (бұдан әрі - Нұсқаулық) сәйкес мынадай формула бойынша есептеледі:

Дизель отынымен жабдықтау шығыстарының есебі 2 кезеңмен есептеледі:

1-кезең: поезға арналған дизель отынымен жабдықтау шығыстарының есебі мынадай формула бойынша есептеледі:

$R_{\text{поезд.диз.отын.жабд.}} = (n_{\text{жол.диз.отын.}} \cdot t_{\text{жол}} + n_{\text{диз.топ.тұрып калуы}} \cdot t_{\text{тұрып калу}}) \cdot N_{\text{рейс}} \cdot R_{\text{диз.отын.жабд.}}$

мұндағы:

$R_{\text{поезд.дизотын.жабд.}}$ - поезға арналған дизель отынымен жабдықтау шығыстары;

$n_{\text{диз.отынжол}}$ - Нұсқаулыққа сәйкес жол жүру барысында 1 сағатта жұмсалатын отын шығыстарының нормасы;

$t_{\text{жол}}$ - жол жүруге кеткен уақыт;

$n_{\text{аялд.диз.отын}}$ - Нұсқаулыққа сәйкес 1 сағат үшін поездың тұрақтау пунктінде жұмсалатын шығыстарының литр нормасы;

$t_{\text{тұрып калу}}$ - тоқтап тұру уақыты;

$R_{\text{поезд.дизотын.жабд.}}$ - осы Әдістеменің 38-тармағында белгіленген тәртіппен айқындалатын 1 тонна дизель отынымен жабдықтау бағасы, теңге.

2-кезең: вагонға арналған дизель отынымен жабдықтау шығыстарының есебі мынадай формула бойынша есептеледі:

$R_{\text{вагондизотын.жабд.}} = R_{\text{поезд.дизотын.жабд.}} / VQ_{\text{поезд ваг-км.}} \cdot VQ_{\text{тип ваг-км.}}$

мұндағы:

$R_{\text{вагондизель отын}}$ - бір вагонға арналған дизель отынымен жабдықтау бойынша шығыстар көлемі;

$VQ_{\text{поезд ваг-км.}}$ - Қазақстан Республикасының аумағы бойынша поездың жүріп өткен жолы, вагон/километр.

$VQ_{\text{ваг-км.тип}}$ - Қазақстан Республикасының аумағы бойынша поезд құрамында қатынайтын вагондар тобы мен тиісті типі бойынша жүрген жолы, вагон/километр.

35. Жол жүру құжаттарының (билет) бланктерін пайдалану шығындары бойынша Қазақстан Республикасының шекарасы шегінде жоспарланатын жолаушылар тасымалы көлемін бір бланктің құнына көбейту арқылы жүргізіледі.

7. Кезең шығыстарының есебі

36. Кезең шығыстары, (вагондар үлгісі бөлігіндегі) оның ішінде өнімнің бірлігіне үстеме шығындарын жоспарланатын еңбекті өтеу қорының (жолсеріктер мен поез бастықтары) 75% ретінде айқындалады.

Жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру шығыстары мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R_{\text{сатуды.ұйымд.}} = D_{\text{жүру}} * T_{\text{пайыз}}$$

мұндағы:

$R_{\text{сатуды.ұйымд.}}$ - жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру шығыстары;

$D_{\text{жүру}}$ - тиісті вагон, поезд типі бойынша жолаушылар тасымалынан түскен кіріс сомасы;

$T_{\text{пайыз}}$ - 4,87 % мөлшеріндегі жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру үшін сыйақы пайызы.

8. Тасымалдаушының өндіріс процесін күтіп-ұстау және қызмет көрсету шығыстарын есептеу кезінде ескерілмейтін шығыстар

37. Өндірістік процесті күтіп ұстауға және қызмет көрсетуге арналған тасымалдаушының шығыстарын есептеу кезінде мына шығыстар ескерілмейді:

1) өнімді тауарларды (жұмыстар, қызметтер) өндіру (көрсету) кезінде пайдаланылмайтын негізгі құралдарының амортизациялық аударымдар;

2) ластанған мүліктерді (шығарынды) нормадан жоғары шығаруға арналған төлемдер;

3) ақшасыз қарыздар;

4) айыппұл, өсімдер, тұрақсыздық және басқа да шаруашылық шарттарын бұзғаны үшін санкциялар түрі, сот алымдары;

5) кірістерді жабуға (төмендетуге) арналған айыппұлдар және өсімдер;

6) ұрланғаннан болған шығындар;

7) өндірістегі қызмет көрсетілетін шаруашылық пен учаскелерге арналған әрекет етілмейтін активтерді күтіп ұстауға;

8) кәсіби-техникалық училищелерден басқа да денсаулық сақтау, балалардың мектепке дейінгі ұйымдастыру, оқу орындары объектілерін күтіп ұстауға;

9) сауықтыру лагерін, мәдениет және спорт объектілерін, тұрғын-үй қорын күтіп ұстауға;

10) ұйым жұмыскерлері тұрмыс жағдайларын жақсартуға, бау-бақша үйлерін алуға, үй шаруашылығын жүргізуге арналған пайызсызды қоса алғанда несиелерін өтеуге арналған;

11) мәдени-ағартушы, сауықтыру және спорттық іс-шараларын жүргізуге;

12) бау-бақша серіктестіктерін абаттандыруға (жол құрылысы, энергия және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығындарды жүзеге асыру);

13) демеушілік көмек көрсету;

14) ақаудан болған шығындарға;

15) пәтерлерді, тұратын ғимараттар мен құрылыстар, жатақхана мен субъективті тауар нарығындағы персоналдар үшін өндіріс ұйымдарының вахталықты қоспағандағы қонақ үйлердегі орындар, жалға алу және күтіп ұстау, сатып алуға;

16) техникалық нормадан тыс және коммерциялық жұмсалымдар, тауар-материалдық құндылықтардың жетіспеушілігі және бүлінуі, қоймадағы қорлар және басқа да өндірістік емес шығындарға;

17) өндірістік қажеттілікпен байланысты іс-шаралардың басқа оқыту курстарын, семинарлар, тренингтер, лекциялар, көрмелер, пікірталастар, ғылым және өнер қайраткерлерімен кездесулер, ғылыми-техникалық конференциялар ұйымдастыруға және өткізуге;

18) "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңының 4-бабында белгіленген міндетті сақтау төлемдерінен басқа сақтау төлемдері (тасымалдаушымен өз жұмыскерлерінің пайдасына жасасқан жеке және мүліктік сақтау шарттары бойынша тасымалдаушы төлейтін жарналар);

19) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылмаған қосымша төленетін жыл сайынғы еңбек және әлеуметтік демалыстарға, оның ішінде бала тәрбиелеуші әйелдерге, жұмыскердің отбасы мүшелерінің демалыс орнына дейін және кері жол жүруін төлеу;

20) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінде қарастырылмаған тасымалдаушы жұмыскерлерінің жеңілдіктері;

21) мектепке дейінгі ұйымдардағы, санаторийдегі және сауықтыру лагерлеріндегі балалардың тамақтану бағасын өтеуге;

22) ұжымдық шартпен анықталған мақсаттарға кәсіби одақтан ақша бөлу.

9. Тауарлардың (көрсетілетін қызметтер және жұмыстар) бағаларын, тарифтерін және өндірістік персоналдың (жолсеріктері мен поезд бастықтарының) жалақысын айқындаудың негізгі көздері

38. Алмалы-салмалы мүлік, құрал-жабдық, санитарлық гигиена мен санитарлық тазалау құралдарының және дизель отыны бағаларының, сонымен қатар, тасымалдаушыларға өзге ұйымдармен қызмет көрсету (тиісті вагонның түрін жалға алу, техникалық қызмет көрсетудің, жөндеудің түрі, биоәжетханаларды ассенизаторлық тазалау, өндеу түрлері, өрт сөндіргіштерді толтыру, нысанды киімді сатып алу, рейс алдындағы медициналық тексеру, түрлері бойынша (жолда, құрастыру және айналым пункттерінде) экипировкалау : сумен, қатты және дизель отынымен экипировкалау) тарифтерінің немесе бағаларының көзі мыналар болып табылады:

конкурсқа қойылған жаңа әлеуметтік маңызы бар қатынастар үшін тасымалдаушылардың ағымдағы кезеңде қызмет көрсетушілермен жасасқан үш шарт негізінде алынған орташа бағалар немесе тарифтер;

қолданыстағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар үшін ағымдағы кезеңдегі қызмет көрсетушілермен жасасқан ағымдағы шарттар болып табылады.

39. Субъектілердің табиғи монополиялар мен реттелетін нарық ұсынатын қызметтердің тарифін айқындау көзі табиғи монополиялар мен реттелетін нарық саласындағы уәкілетті органның тарифтерді (бағаларды) бекіту (келісу) туралы шешімі немесе келісімі болып табылады.

40. Жол жүру құжаттарының (билеттерінің) бағасын көтеруді "Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдау қызметінің бағасының (тарифінің) шекті деңгейін айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 186 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12992 болып тіркелді) бекітілген Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдау қызметінің бағасының (тарифінің) шекті деңгейін айқындау әдістемесін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі жүзеге асырады.

41. Тасымалдаушының басқа тасымалдаушылар вагондарын тіркеу тарифі осы Әдістеменің 7-қосымшасына сәйкес жоспарланады.

42. Жолсеріктердің және поезд бастықтарының орташа салалық жалақысы "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 26-бабына сәйкес мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурсында орналастырылған ресми статистикалық ақпарат пен статистикалық методология негізінде белгіленеді.

43. Жолсеріктердің, поезд бастықтарының, машинистердің және машинист көмекшілерінің жалақысына түзету коэффициенттері Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 28-бабының 1-тармағына сәйкес жасалатын ұжымдық шарттар және салалық келісімдер негізінде белгіленеді.

10-тарау. Орнын толтыратын шығыстарды айқындау

44. Субсидиялау көлемі осы Әдістемеде көрсетілген әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асырумен байланысты кірістер мен шығыстардың айырмашылық жолымен есептеледі.

45. Бөлінген субсидияларды қоса есептегенде тасымалдаушының шығыстарын өтемеген жағдайда субсидиялау көлемі тиісті кезеңдегі бюджеттің

тиісті деңгейін бюджет комиссиясының ұсыныстарына сәйкес МТЖ қызметтерінің тарифіне уақытша төмендету коэффициентін ескере отырып, кірістер мен шығыстарының айырмашылығы жолымен есептеледі.

46. Субсидиялау көлемін жұмсау бағыттары "Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қарашадағы № 450 қаулысымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4421 болып тіркелді), Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау қағидаларымен айқындалады.

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесіне 1-қосымша

Вагондарды жұмсақ жиналмалы мүкәммалмен, жиналмалы, сигнал беретін жабдықпен, медициналық керек-жарақтармен және арнайы киіммен жабдықтау нормалары

Мүкәммал атауы	Атауы	Өлшегіш	Пайдалану мерзімі, айы	Бір вагонды (поезд) жабдықтау нормасы					
				Купе	Плац-карт	Жалпы	ҚХР-да шығарылған вагондар		
							Купе	Плац-карт	Жалпы
Жұмсақ жиналмалы мүкәммал	Таза төсекорынға арналған қап	дана	6	15	22	0	15	24	0
	Кір төсекорынға арналған қап	дана	6	15	22	0	15	24	0
	Терезе пердесі	жұп	10	21	0	2	21	0	2
	Күн түсірмейтін перде	дана	6	46	46	46	46	46	46
	Үстелге арналған майлық	дана	6	18	0	0	18	0	0
	Кілем төсеніштеріне арналған тыс	дана	6	4	0	0	4	0	0
	Кілем төсеніштері	дана	24	1	0	0	1	0	0
	Купелік кілемше	дана	8	9	0	0	9	0	0

Жиналмалы жабдық	Терезе пердесіне гардина	дана	24	21	0	0	21	0	0
	Пердеге арналған шыбық	дана	24	23	23	23	23	23	23
	Маршрутты тақта	дана	12	2	2	2	2	2	2
	Вагон логотипі	дана	36	2	2	2	2	2	2
	Вагонның реттік нөмірі	дана	12	2	2	2	2	2	2
	Балта*	дана	36	2	2	46	46	46	46
	Білік-темір	дана	36	1	1	1	1	1	1
	От жағуға арналған көсеу	дана	36	1	1	1	1	1	1
	От жағуға арналған қалақ	дана	36	1	1	1	1	1	1
	Титанға арналған көсеу	дана	36	1	1	1	1	1	1
	Титанға арналған қалақ	дана	36	1	1	1	1	1	1
	Сейф	дана	36	1	1	1	1	1	1
	Әжетхана қағазын ұстағыш	дана	12	2	2	2	2	2	2
	Қағаз сүлгісін ұстайтын диспенсер	дана	12	2	2	2	2	2	2
	Сұйық сабынға арналған диспенсер	дана	12	2	2	2	2	2	2
	Көрнекі ақпарат рамкасы	дана	24	10	10	10	10	10	10
	Шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік	жиынт	36	1	1	1	1	1	1
	Өртсөндіргіш	дана	36	3	3	3	3	3	3
	Шаңсорғыш	дана	36	1	0	0	1	0	0
	Күл салғыш	дана	36	2	2	2	2	2	2
	Қоқыс жәшігі	дана	36	1	2	2	1	2	2
Жиналмалы мүкәмнал	Ілгіш	дана	24	36	0	0	36	0	0
	Шаруашылыққа арналған шелек	дана	24	4	4	4	4	4	4
	Ыдысы бар түрпі	дана	12	2	2	2	2	2	2
	Швабра	дана	12	1	1	1	1	1	1
	Дезинфекциялау және жуу құралдарына арналған ыдыс	дана	24	2	2	2	2	2	2
	Қалағы бар щетка	дана	6	1	1	1	1	1	1

	Билеттерге арналған папка	дана	24	1	1	1	1	1	1
Ыдыс	Ыстық суға арналған шәйнек	дана	36	1	1	1	1	1	1
	Шай шығаруға арналған шәйнек	дана	24	9	6	2	9	6	2
	Ыдыстарға арналған таратқыш	дана	24	1	1	0	1	1	0
	Стакан салғышы бар стакан	дана	24	36	20	10	36	20	10
	Тәрелке	дана	24	20	20	0	20	20	0
	Ас үй пышағы	дана	24	2	2	1	2	2	1
	Ас үй шаңышқысы	дана	24	20	20	0	20	20	0
	Шай қасық	дана	24	36	20	10	36	20	10
	Әмбебап ашқыш	дана	24	2	2	1	2	2	1
	Ыдыс жууға арналған леген	дана	24	1	1	1	1	1	1
Сигнал беретін жабдық	Қол шамы	дана	36	3	3	3	3	3	3
	Жалаушалар	дана	24	1	1	1	1	1	1
	Петарда*	дана	36	12			12		
Медициналық керек-жарактар	Зембілдер*	дана	36	1			1		
	Авариялық қобдиша	дана	12	1	1	1	1	1	1
	Ағымды қобдиша	дана	12	1	1	1	1	1	1
	Педикулезге қарсы төсем *	дана	12	1			1		
	Ф-30 төсемі*	дана	12	1			1		
	Бөлме термометрі	дана	12	1	1	1	1	1	1
	Жасанды дем алуды жасауға арналған құрылғы	дана	24	1			1		
Арнайы киім	Алжапқыш	дана	36	2	2	2	2	2	2
	Халат	дана	12	2	2	2	2	2	2
	Резеңке биялайлар	дана	1	2	2	2	2	2	2
	Брезент қолғаптар	дана	12	2	2	2	2	2	2
	Аралас қолғаптар	дана	12	1	1	1	1	1	1

* - Есеп жалпы поезд бойынша жүргізіледі, вагондардың үлгілері бойынша бөлу поездағы вагондардың жүрісіне тең.

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында
орналасқан Ресей Федерациясының
теміржол учаскесі бойынша теміржол

жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен
байланысты тасымалдаушылардың
шығыстарын субсидиялау көлемдерін
айқындау әдістемесіне 2-қосымша

**"Тальго" вагондары өндірісінің вагондарын жұмсақ жиналмалы
мүкәммалмен, жиналмалы, сигнал беру жабдығымен, медициналық
жабдықпен және арнайы киіммен жабдықтау нормасы**

Мүкәммал атауы	Атауы	Өлшеуіш	Пайдалану мерзімі, айы	Тальго өндірісі вагондарын жабдықтау нормасы			
				Гранд	Бизнес	Турист	Жалпы
Алмалы - салмалы жұмсақ мүлік	Таза төсек орынға арналған қап	дана	12	4	4,8	8	0
	Кір төсек орынға арналған қап	дана	12	4	4,8	8	0
	Терезе перделері	жұп	12	5	6	5	8
	Кілемше төсеніштерге арналған тыс	дана	12	3	3	3	3
	Кілем төсеніш	дана	36	1	1	1	1
	Купеге арналған кілемше	дана	36	6	7	7	8
	Душка арналған перде	дана	6	5	0	0	0
	Машруттық тақта	дана	30	2	2	2	2
	Вагон логотипі	дана	36	2	2	2	
	Вагонның реттік саны	дана	36	2	2	2	2
	Өрт сөндіргіш	дана	36	1	1	1	1
	Шаңсорғыш	дана	72	0,5	0,5	0,5	0,5
	Қауіпсіздік белбеуі	дана	36	5	6	10	12,5
Жиналмалы мүкәммал	Ілгіш	дана	24	20	24	20	0
	Шаруашылыққа арналған шелек	дана	24	3	3	3	3
	Ыдысы бар түрпі	дана	12	5	1	1	1
	Швабра	дана	12				
	Жуу құралдарына және дезинфекциял ауға арналған ыдыс	дана	24	1	1	1	1
	Қалағы бар шөтке	дана	6	1	1	1	1
	Отыратын орындарды, ковраланды тазалауға арналған шөтке	дана	6	2	2	2	2
	Билеттерге арналған папка	дана	24	1	1	1	1
Ыдыс	Ыдыстарға арналған таратқыш	дана	24	1	1	1	1
Сигнал беру жабдығы	Қол шамы	дана	36	3	3	3	3
	Жалаушалар	дана	24	1	1	1	1
	Петарда	дана	24	6	6	6	6
	Тасығыштар	дана	36	1	1	1	1
	Авариялық қобдиша	дана	12	1	1	1	1

Медициналық жабдықтар	Ағымдағы қобдиша	дана	12	1	1	1	1
	Педикулезге қарсы төсеу	дана	12	1	1	1	1
	Ф-30 төсемі	дана	12	1	1	1	1
	Жасанды демалуды жүргізуге арналған құрылғы	дана	24	1	1	1	1
Арнайы киім	Алжапқыш	дана	36				
	Халат	дана	12	2	2	2	2
	Резеңке қолғап	дана	1	2	2	2	2

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесіне 3-қосымша

Электр-дизель поездарын жұмсақ мүкәммалмен, жинамалы, сигнал беретін жабдықпен, медициналық жабдықпен және арнайы киіммен жабдықтау нормасы

Мүкәммал атауы	Атауы	Өлшем бірлігі	Пайдалану мерзімі, ай	Электр поезының жайлылығы жоғары вагондарын жабдықтау нормасы			Электр поезы вагонын жабдықтау нормасы	Дизель поезы вагонын жабдықтау нормасы
				1 класс	2 класс	3 класс		
Жинамалы жұмсақ мүкәммал	Терезе пердесі	дана	12	40	40	40		40
	Машинист кабинасына арналған перде	дана	12	бас вагонға 2-еуден				
	Машинист кабинасына арналған перде	дана	12	бас вагонға 4				
	Жастықшалар	дана	12	1 орынға	1 орынға	1 орынға		
	Кілемше төсеніштерге арналған тыс	дана	12	4	4	4		
	Ковролан	метр	36	19,2 м (вагон ұзындығы бойынша)				
	Терезе пердесіне арналған гардина	дана	24	20	20	20		
	Вагон логотипі	дана	36	4 электр поезына				
	Вагонның реттік нөмірі	дана	36	2	2	2		

Алмалы-салмалы жабдық	Балта	дана	36	2 құрамға				
	Білік-темір	дана	36	2 құрамға				
	Әжетхана қағазын ұстағыш	дана	36	1 дәретханаға (2 вагонға 1)				
	Қағаз сүлгісін ұстағыш	дана	36	1 дәретханаға (2 вагонға 1)				
	Сұйық сабынға арналған дозатор	дана	36	1 дәретханаға (2 вагонға 1)				
	Көрнекі ақпарат рамкасы	дана	24	10	10	10	10	10
	Шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік	жиынт	36	1	1	1	1	1
	Өрт сөндіргіш	дана	36	16 (бас вагонға 8)				
	Шаңсорғыш	дана	36	1	1	1		
	Қоқыс жәшігі	дана	36	1 дәретханаға (2 вагонға 1)				
	Ұйшықты кірден қорғау жабыны	квдратных метров	24	10 квдратных метров (тамбур көлемі бойынша)				
Алмалы-салмалы мүкәммал	Шаруашылыққа арналған шелек	дана	24	5 құрамға				
	Ыдысы бар түрпі	дана	2	1 дәретханаға (2 вагонға 1)				
	Швабра	дана	12	2 вагонға 1				
	Дезинфекциялау және жуу құралдарына арналған ыдыс	дана	24	1 дәретханаға				
	Қоқысқа арналған калақ	дана	6	2 вагонға 1				
	Сыпыртқы	дана	1	1	1	1	1	1
Сигнал беретін жабдық	Қол фонарі	дана	36	2 вагонға 1				
	Жалаушалар	дана	24	2 вагонға 1				
	Петарда	дана	36	6 соңғы вагонға				
Медициналық жабдықтар	Зембілдер	дана	36	1 құрамға				
	Авариялық қобдиша	дана	12	2 вагонға 1				
	Ағымдағы қобдиша	дана	12	1	1	1	1	1
	Ф-30 төсемі	дана	12	1 құрамға				
	Бөлме термометрі	дана	12	1	1	1	1	1
	Жасанды дем алуды жасауға							

	арналған құрылғы	дана	24	1 құрамға
Арнайы киім	Халат	дана	12	2 жолсерікке, тұратын парк жолсеріктеріне
	Резеңке биялай	дана	1	1 жолсерікке, тұратын парк жолсеріктеріне
	Әр түрлі колғаптар	дана	1	1 жолсерікке, машинист, машинист көмекшісіне, тұратын парк жолсеріктеріне
	Асты резеңке пима	дана	12	1 жолсерікке, машинист, машинист көмекшісіне
	Жылы күрте	дана	30	1 жолсерікке, тұратын парк жолсеріктеріне
	Шолақ тон	дана	60	1 жолсерікке тұратын парк
	М/м костюмі	кмп	12	1 машинистке, машинист көмекшісіне
	Былғары бөтеңке	жұп	12	1 машинистке, машинист көмекшісіне, тұратын парк жолсерікке
	Белгі беруші костюмы	кмп	36	1 машинистке, машинист көмекшісіне
	Сигнальдық жилет	дана	12	1 машинистке, машинист көмекшісіне
	Респиратор	дана	Тозғанға дейін	1 машинистке, машинист көмекшісіне
	Қорғаныш көзілдіріктер	дана	Тозғанға дейін	1 машинистке, машинист көмекшісіне

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесіне 4-қосымша

Вагондарды санитарлық гигиена, вагондарды тазалау заттарымен жабдықтау нормасы

Мүкәммал түрі	Атауы	Өлшегіш	пайда-лану мерзімі, тәулік	Бір вагонға (поезд) жабдықтау нормасы		
				Купе	Плацкарт	Жалпы
	Пластмасса пломба	дана	10 жолаушыға	0,10	0,10	0,10
Санитарлық гигиена заттары	Қағаз сүлгі	орам	1			
	Дәретхана қағазы	орам	1	4,00	6,00	6,00
	Иіс сабын (сұйық)	литр	1	0,20	0,20	0,30
	Шампунь	дана	1			
	Қоқыстарға арналған пакет	дана	1	4,00	6,00	6,00
	Залалсыздандыратын заттар	литр	1	0,30	0,30	0,30
	Ауа тазалатқыш	дана	1	0,07	0,07	0,07
	Ыдыс жууға арналған сұйықтар	литр	1	0,07	0,10	0,07

Тазалауға арналған заттар	Вагонды тазалауға арналған тазалағыш заттар	литр	1	0,10	0,10	0,10
	Санфаянсты тазалауға арналған зат	литр	1	0,10	0,10	0,10
	Әйнек тазалауға арналған жуғыш	литр	1	1,00	1,00	1,00
	Ыдыс жууға арналған сүлгі	дана	1	1,00	1,00	1,00
	Еденге арналған пробкалар	дана	1	2,00	2,00	2,00
	Тазалауға арналған шүберек	дана	1	0,15	0,15	0,15

Кестенің жалғасы

КХР-да шығарылған вагондар			Тальго өндірісі вагонын жабдықтау нормасы			
Купе	Плацкарт	Жалпы	Гранд	Бизнес	Турист	Жалпы
0,10	0,10	0,10	0,10	0,10	0,10	0,10
			5,00	4,00	4,00	4,00
4,00	6,00	6,00	10,00	4,00	4,00	4,00
0,20	0,20	0,30	0,30	0,20	0,30	0,30
			10,00	0,00	0,00	0,00
4,00	6,00	6,00	18,00	24,00	18,00	9,00
0,30	0,30	0,30	0,20	0,20	0,20	0,20
0,07	0,07	0,07	0,33	0,07	0,07	0,07
0,07	0,10	0,07				
0,10	0,10	0,10	0,10	0,10	0,10	0,10
0,10	0,10	0,10				
1,00	1,00	1,00	0,10	0,10	0,10	0,10
1,00	1,00	1,00				
2,00	2,00	2,00				
0,15	0,15	0,15	0,20	0,20	0,20	0,20

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесіне 5-қосымша

Санитарлық гигиена, вагондарды тазалау заттарымен электр-дизельді поезды жабдықтау нормасы

Мүкәмм ал атауы	Атауы	Өлшем бірлігі	Пайдалану мерзімі тәулік	Электр поезд вагондарын жайлылығы жоғары жабдықтау нормасы			Электр поезд вагондарын жабдықтау нормасы	Дизель поезд вагондарын жабдықтау нормасы
				1 сынып	2 сынып	3 сынып		
	Қағаз сүлгісі	орама	1	4	4	4	4	4

Санитарлық гигиена заттары	Әжетхана қағазы	орама	1	6	6	6	6	6
	Иіс сабыны (сұйық)	грамм	1	0,15	0,15	0,15	0,15	0,15
	Иіс сабыны	грамм	1	0,025	0,025	0,025	0,025	0,025
	Кір сабын	грамм	1	0,12	0,12	0,12	0,12	0,12
	Қоқыстарға арналған пакеттер	дана	1	6	6	6	6	6
	Дезинфекциялау заттары	кесте	1	10	10	10	10	10
	Ауа тазартқыш	дана	1 ай	2	2	2	2	2
Тазалауға арналған заттар	Вагонды тазалауға арналған жуғыш зат	грамм	1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
	Жуатын шаңсорғыш тарға арналған зат	грамм	1	0,1	0,1	0,1		
	Санфаянсты жууға арналған зат	грамм	1	0,05	0,05	0,05	0,05	0,05
	Әйнектерді жууға арналған зат	грамм	1	0,1	0,1	0,1		
	Тазалауға арналған шүберек	дана	1	0,15	0,15	0,15	0,15	0,15

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесіне 6-қосымша

Алмалы жұмсақ мүкәммалдық жууға және химиялық тазартуға шығыстар нормасы

Өңдеу түрі	Атауы	салмағы, кг	өңдеу нормасы
Химиялық тазалау	Кілем төсеніш	23,63	жылына 2 рет
	Купеге арналған кілемше	2,36	жылына 2 рет
Жуу	Таза төсек-орынға арналған қап	0,35	аптасына 1 рет
	Кір төсек-орынға арналған қап	0,39	аптасына 1 рет
	Терезе перделері	0,19	әр рейс сайын

	Күн перделері	0,04	әр рейс сайын
	Үстелге арналған салфетка	0,15	әр рейс сайын
	Кілемше төсеніштерге арналған жапқыш	2,10	әр рейс сайын

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесіне 7-қосымша

Тасымалдаушының басқа тасымалдаушылардың вагондарын тіркеу тарифі

Поезд түрі	Тариф, теңге/ вагон-километр. қосылған құн салығы ескермегенде
жүрдек	88,50
жолаушылар	75,50
жүк-жолаушылар	58,59